



...El birligin saқтаған tatýlyqty ait! Jambyl АТАМЕКЕН

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

Газет 1932 жылдан
бастап шығады

www.atamekengazeti.kz



Атамекен Газеті



@atameken_press



atameken1932@bk.ru



АСПАН ТӨРІН ӘН ТЕРБЕГЕН КЕУ



Жалын жігерлі жастарымыз – ертеңгі ел келешегі, үкілі үмітіміз. Соған сай мемлекет тарапынан жастарға деген қолдау жылдан-жылға артып келеді. Атап айтсақ, білім, спорт, мәдениет, кәсіпкерлік сияқты түрлі салаларда жастардың өсіп, дамуына жол ашылып, олардың өз әлеуетін іс жүзінде асыруына мол мүмкіндіктер жасалуда. Жамбыл ауданы бойынша 14 пен 35 жас аралығындағы жастардың саны бүгінде 56 мыңға жетіп отыр. Олардың ішінде еліміздің абыройын әлемдік ареналарда асқақтатып жүрген жалынды жастарымыз, әртүрлі салаларда жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүрген жас буын өкілдері көптеп саналады.

Ұзынағаштағы орталық алаңда Халықаралық жастар күніне арналған «JASTAR FEST» гала-концерті жоғары деңгейде өтті. Мақсаты – осы айтулы мерекеді жастардың қоғамдағы ролін арттыру, олардың жетістіктері мен мәселелеріне назар аудару және олардың қоғам алдындағы белсенділігін

қолдау. Бұл мерекені 1999 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткен болатын. Алғаш рет 2000 жылдан бастап жыл сайын әлемнің көптеген елдерінде тойланып келеді.

Атап айтсақ, бұл игілікті мәдени шара Жамбыл ауданы әкімдігінің қолдауымен «Жамбыл ауданының жастар ресурстық орталығы» ұйымдастырды. Сондай-ақ шараның өтуіне демеушілік жасаған – Жамбыл ауданы мәслихатының депутаттары, «TABYS CONSULTING», «Алихан» фитнес клубы, «Дәстүр» қазақ ұлттық шайхана, «Керемет» эко демалыс кешені және «GOLD TOMIRIS» ұжымы болды. Ұзынағаш аспанын әнге бөлеген мерекелік кештің жүргізушілері – елге танымал өнерпаз Әлібек Шынтемір мен Жамбыл аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Балжан Досалы мерекенің шырайын аша түсті. Алаңға жиналған жастардың қатары есепсіз, ал олардың көтеріңкі көңілінде тіпті шек жоқ десе де болғандай.

Уақыт өткен сайын алаңға келушілердің қатары молая түсті. Жиналғандар алдында аудан жастарына әрдайым қолдау көрсетіп, жаңа бастамаларға демеу болып жүрген Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертасұлы мерекеге жиналған барлық жастарды құттықтап, аудан өмірінде жалын жігерлі жастардың еңбектерінің елеулі екендігіне кеңінен тоқталды. Сондай-ақ олардың шатшадыман көңіліне ортақтасып, мереке құтты болсын деген ізгі тілегін білдірді. Бұдан соң аудан басшысы ел дамуына үлес қосып

жүрекжарды мерекелік лебізін білдірді. Бұдан соң гала-концертке арнайы келіп қатысқан белгілі өнерпаздар – ауданымыздың маңдайалды мақтанышына айналған Елдос Үмбетәлі бастаған әншілер «ALISHER», Мәди Дәуренұлы, Избасар Бекзат, Гүлназ Бақытжан, Қадірбек Қабылбай, Айдос Кәден (Қойшы бала), «MUZART LIFE», Кеңес Әлімжан, Әлібек Шынтемір, Нұрмұхамед Жақып, Дәулет Серікұлы, «Сүйінбай сазы» ансамблінің әншілері Ұзынағаш аспанын әуезді әнге бөлеп, көрермен жастардың



жүрген, қоғамдық белсенділігі үшін әр салада жүрген жастарды сахна төрінде Алғыс хатпен марапаттап, алдағы жауапты қызметтеріне толымды табыс, жаңа жетістіктер тіледі.

Өз кезегінде Алматы облысының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Мәди Ахметов аудан жастарына өзінің

қозайымы бола білді. Осылайша Халықаралық жастар күніне арналған «Jastar FEST-2025» гала-концерті көпшіліктің ыстық ықыласы мен қошемет көрсетуімен жоғары деңгейде тойланды.

А.Т.ТОҚТАСЫН
АТАМЕКЕН

Жаңа оқу жылынан бастап білім беру процесіне кезең-кезеңімен AI элементтері енгізіледі

Білім беру саласындағы жаһандық өзгерістерді, халықаралық үздік тәжірибелерді ескере отырып, Қазақстан мектептерінде жасанды интеллект элементтерін кезең-кезеңімен енгізуді бастайды. Бұл жүйе біздің білім беру саласының ерекшеліктерін, мамандардың пікірлерін және оқушылардың қажеттіліктерін жан-жақты ескеріп құрылады.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, 2025–2026 оқу жылында AI интеграциясы «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінен басталады. Бұл бағытта орта білім беру жүйесінде жасанды интеллекті қолданудың этикалық стандарттары бекітілді. Оқушыларға арналған Day of AI онлайн-курстары, ал педагогтер үшін үш деңгейлі біліктілікті арттыру курстары әзірленеді.

Министр жаңа форматтағы «Келешек мектептерін» басқару мәселелеріне де тоқталды. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жаңа басқару стандарты әзірленді, ал ұлттық жоба мектептерінде жұмыс жасайтын 3 мыңнан астам педагог үш деңгейлі оқудан өтті. Бұл модель осы жылдың қыркүйегінен бастап іске қосылады. Әдістемелік сүйемелдеу Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық академияға жүктелген.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.



Әр отбасы – қауіпсіз орта болуы тиіс

2025 жылдың 13 тамызы күні Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылдық округінде «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ Жамбыл аудандық бөлімінің ұйымдастыруымен



«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – ауыл тұрғындары арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, оның түрлері мен белгілері, құқықтық жауапкершілік және жәбірленушілерге көмек көрсету жолдары туралы ақпарат беру, сондай-ақ өңірдегі түрлі этнос өкілдері арасында татулық пен өзара сыйластықты нығайту болды.

Семинар барысында қатысушыларға:

- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері (физикалық, психологиялық, сексуалдық, экономикалық) түсіндірілді;
- ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жаза түрлері мен қорғау нұсқамасының маңызы туралы мәлімет берілді;
- қауіпсіздік жоспары мен дағдарыс жағдайында әрекет ету алгоритмі таныстырылды;
- дағдарыс орталықтарының және сенім телефондарының байланыс нөмірлері ұсынылды.

Іс-шараға ауыл тұрғындары, жастар, әйелдер қауымы, әлеуметтік сала өкілдері және әртүрлі этнос өкілдері қатысты. Қатысушылар сұрақтар қойып, пікір алмасып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудағы қоғамның бірлескен әрекетінің маңыздылығын атап өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл бағыттағы жұмыстардың өңірдегі қоғамдық келісімді нығайтуға және азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға зор үлес қосатынын атап өтеді.

Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімі.

Қарғалы ауылында жаңа мәдениет ошағы бой көтеруде

Қарғалы ауылында жаңа мәдениет үйінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл жоба аясында заманауи талаптарға сай сахна, кең әрі жайлы көрермендер залы, түрлі үйірме бөлмелері мен шығармашылық студиялар салу жоспарланған. Мұндағы мақсат – ауыл тұрғындарының өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын арттыру және шығармашылықпен айналысуға кең мүмкіндік жасау.

Жақында құрылыс жұмыстарының барысын тексеру мақсатында аудан әкімінің міндетін атқарушы Ақниет Туматаев нысанға арнайы барып, мердігер мекеме өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында ол жұмыс сапасына, қауіпсіздік талаптарының сақталуына және құрылысты белгіленген мерзімде аяқтау қажеттігіне ерекше назар аударды.

Жаңа мәдениет үйінің пайдалануға берілуі ауыл өмірінде маңызды оқиға болмақ. Мұнда тек мерекелік концерттер мен қойылымдар ғана емес, сонымен қатар жастар мен балаларға арналған үйірмелер, өнер фестивальдері, көрмелер және түрлі мәдени шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылатын болады.

Ауыл тұрғындары да бұл жаңалықты қуана қабылдап, болашақ мәдениет үйінің ауылдың рухани дамуына тың серпін беретінін айтады. Көпшілік жаңа нысанның ел ішіндегі бірлікті



нығайтып, шығармашылыққа жол ашарына сенімді.

Сонымен қатар, мәдениет үйінің жанынан кітапхана мен шағын көрме залы ашу жоспарланып отыр. Бұл ауыл жастары мен оқушыларының білімін арттырып, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасамақ.

Құрылыс жұмыстары биылғы жылдың соңына дейін толық аяқталып, жаңа нысан келесі жылы алғашқы қонақтарын қабылдайды деп күтілуде. Осылайша, Қарғалы ауылының мәдени өмірі жаңа деңгейге көтеріліп, өңірдегі мәдени инфрақұрылымның дамуына үлес қосатын маңызды орталық пайда болады.

Сақтандыру – сапалы медицинаға қадам

Жуырда аудан әкімдігінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) мәселелері жөніндегі штабтың отырысы өтті.

Жиын аудан әкімінің орынбасары Ә.Қамбарұлының төрағалығымен өтті. Онда Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары берген тапсырманы орындау мақсатында халықты МӘМС жүйесімен қамту деңгейін арттыру жолдары талқыланды.

- Сақтандырылмаған азаматтармен нақты (адрестік) жұмыс жүргізіледі.
- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтіледі.
- Барлық тиісті органдар бірлесіп жұмыс істейді.
- Жұмыстар апта сайынғы мониторингпен қадағаланады.
- Мақсат – 2025 жылдың соңына дейін 83,5% қамтуға қол жеткізу.

Аудан тұрғындары мен мекеме басшыларын және 24 ауылдық округ әкімдерін осы маңызды іске белсенді атсалысуға шақырамыз!

Аталған шараның нәтижесінде халық сапалы цифрландырылған медициналық қызметке қол жеткізетін болады. Сақтандырылған азамат – кепілдендірілген медициналық көмекке ие.

«Атамекен-ақпарат»





ҚЫРАҒЫЛЫҚ ӨНЕГЕСІ

Шығыстан көтерілген күннің алғашқы арайын бірінші болып шекарашылар қарсы алады. Себебі, шекараны ерекше күзетпесе, елден тыныштық кетеді. Сондықтан, 1992 жылдың 18 тамызында ел Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Шекара әскері құрылған болатын. Содан бері арадан сынапша сырғып өте шыққан 33 жылдың ішінде Шекара қызметі үшін ауыз толтырып айтарлықтай қандай оқиғалар болды?

Иә, көп жұмыстар атқарылды. Алысқа бармай-ақ, соңғы бес жылға көз жіберіп көрелік. 2020 жылдың наурызы Шекара қызметі үшін тарихи өзгерістермен басталды. Өңірлік басқармаларды Президент Жарлығына сәйкес жаңа департаменттер алмастырды. Атауы өзгергенімен, шекарашылардың атқаратын қызметі, жауынгерлік Даңқ жолдары өзгерген жоқ. Бүгінде полковник Ә.Қаюпов басқаратын ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаменті – солардың бірі.

Департаментке қарасты Райымбек, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармаларының өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, Райымбек батырдың есімін еншілегеніне бес жыл толған шекара басқармасының «Нарынқол» шекара бөлімшесі өзінің 104 жылдық тарихымен мақтанады. Есесіне, қарасайлық шекарашылар өздерінің заманауи үлгідегі шекара бөлімшелерімен ерекшеленеді. Айтар болсақ, «Алмаарасан», «Қарғалы», «Қастек», «Қаскелең» және «Жамбыл» шекара бөлімшелері. Ал шекара басқармасының тарихы 2012 жылдың 15 ақпанынан басталады. Дәл осы күні басқарма Қарасай оқу отрядының базасында ашылып, шекара бөлімшелері қазақ-қырғыз шекарасын күзетуге кірісті. Содан бері шекарашылар 100-ден аса шекара бұзушыны ұстап, барымташылармен айкасты, контрабандашыларды құрықтады. Негізі, қарасайлық шекарашылардың қаскөйлермен табанды күресі – том-том кітапқа жүк бола алады.

Мәселен, «Саты» шекара бөлімшесінің капитаны Е.Ермек басқарған шекара наряды еліміздің аумағында заңсыз аң аулаумен айналысқан шетелдік азаматты ұстады. Құрықтау кезінде шекарашылар шекара бұзушыдан екі аңшылық қару, бірнеше пышақ және маралдың етін тәркіледі.



Сонымен қатар, биыл «Қастек» шекара бөлімшесінің аумағынан шекара бұзуға әрекеттенген екі жателдік құрықталып, заң алдында жауап беретін болады. Шекара аймағына келу тәртібін бұзған жүзден аса азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны айтпаса да түсінікті.

Ал жақында «Жамбыл» шекара бөлімшесінің аумағынан айырқалпақты азамат қолға түсті. Капитан Қ.Қамбар басқарған шекара нарядының қақпанына түсіп қалған мемлекеттік шекара режимін бұзушы жергілікті ішкі істер бөлімшесіне жеткізіліп, тексеру жұмыстары басталды.

Аталған шекара басқармасына қатысты тағы бір жағымды жаңалық бар. Мұнда Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының инженерлері тау ішіне жол, өзеншелерге өткел салумен айналысуда. Жоспарға сәйкес, шекарашы инженерлер алдағы қыркүйек айына дейін 30-дан астам көпіршелер орнатып, жол салуға тиіс. Жақында осынау міндеттің үдесінен шығып, тапсырманы бітіруге аз қалған инженерлердің жұмысымен танысудың сәті түскен болатын.

...Қарақыстақ шатқалының ішінде жұмыс істеп жатқан сарбаздардың күнге күйген жүздерінен жас адамға тән қайсарлық байқалады. Тәйірі, шаршау дегенді білмейтін жаста емес пе?! Сондықтан бізді қуана қарсы алған өздерімен емен-жарқын амандасып, оларға әскери журналист екенімізді айтқан соң бірден фотоаппаратымызды іске қосқанбыз. Обалы нешік, майор Абылай Нұртаза басшылық жасайтын инженерлер де жұмысты қалай жапырып істесе, біздің тау



ішіндегі ерекше фотосессиямызды да солай жандырып жіберген.

Иә, қазақ елінің алып таулары – тек табиғаттың кереметі ғана емес, ел шебінің қалқаны, тәуелсіздіктің тыныс алатын тұмары. Осы қыраттар мен шатқалдарда, бұлтпен тілдескен белестерде, жұрт көзінен тыс, үнсіз де тынымсыз еңбек етіп жүрген инженерлердің міндеті – қос тігіп, қой баққан қойшылардың да тау ішіндегі бейбіт тіршілігіне жағдай жасау. Әсіресе, таулы аймақтарда бұл міндет – үш есе қиын, үш есе жауапты.

...Сарбаздардың бүгінгі қарқындарына қарап, олардың бұл міндеттерді де оңай еңсертіне көміл сендік. Осылайша, инженерлердің тау ішіндегі қым-ғуыт тіршілігімен танысып болған кезімізде түскі астың уақыты да келіп жеткен. Сондықтан, «Соғыс – соғысымен, ал түскі ас уақытында болуы керек» демекші, тау суына жуынып, өздерінің шаршағандарын басқан сарбаздармен бірге базаға оралдық.

Ал мұнда ұжымға барлық жағдай жасалыпты. Әсіресе, база мен өркениеттің арасын жалғап тұрған спутниктік тәрелкелердің өзі көңілге қуаныш ұялатады.



Өйткені бұл дегеніміз, әр аптаның жексенбісінде үйлерімен байланысқа шығып, ата-ана, туғандарының дауысын естігенше асыққан сарбаздар үшін тамаша мүмкіндік емес пе?!

Сосын тау суының түбінде тұрған моншаны көріп, өзіне бірден «сақ моншасы» деп «ат» қойдық. Әрине, бізден бірнеше ғасырлар бұрын өмір сүрген сактардың моншасы қандай болғанын кім білген. Ғаламтор мен тарихи деректерден таныс екеніміз болмаса... Дегенмен, шекарашыларға моншаның міндетін атқарып тұрған әскери шатырдың іші осындай ойға итермелейтін еді...

Сарбаздардың арасында өнерпаздар да жеткілікті көрінеді. Сондықтан, ауыр жұмыстан кейін серпілгісі келетіндер үшін базаның ақпараттық және тәрбие жұмыстарына арналған шатырдың ішінде тұрған домбыра, гитараны қолға алса болғаны, шағын концерт дайын.

...Міне, Жамбыл бабамыздың туған жерінде өздерінің Отан алдындағы азаматтық борыштарын өтеп жүрген сарбаздардың ел шебіндегі тыныс-тіршілігі жайында айтарымыз осы. Өзірге. Әлімсақтан бері келе жатқан «Шекараны бүкіл халық қорғайды» қағидасының маңызын терең түсініп, шекарашыларға көмекке келуге дайын тұратын жергілікті халыққа әсіресе инженерлер салып берген көпірлер мен тау соқпақтарының тигізер пайдасы өлшеусіз екені хақ. Сосын да шекарашылардың төл мерекесі қарсаңында үлкен іспен айналысып жатқан инженерлердің тау ішіндегі өміріне ерекше тоқталғанды жөн көрдік.

Иә, Отан шетінде ерлер жүр!

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
әскери журналист,
ҰҚК Шекара қызметі.

Жыл сайын 18 тамыз – Қазақстан Республикасының Шекара қызметі күні ретінде аталып өтеді. Бұл – ел шебін қырағы күзеткен, қауіпсіздігімізді қамтамасыз етіп жүрген шекарашылардың ерлігі мен ерен еңбегін еске алып, құрмет көрсететін маңызды күн. Осы орайда, Алматы облысындағы Қарасай шекара басқармасының атқарып отырған рөліне ерекше тоқталған жөн.

ЕЛІМІЗДІҢ ШЕБІН КҮЗЕТКЕН ҚАРАСАЙ ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫ

Қарасай шекара басқармасы – шептегі сенімді қалқан. Қазақстанның ең маңызды аймақтарының бірі – Алматы облысы. Бұл өңір Қырғыз Республикасымен шекаралас болғандықтан, мұндағы шекара қауіпсіздігі мемлекет үшін аса маңызды. Қарасай шекара басқармасы – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің маңызды құрылымдық бөлімшелерінің бірі ретінде облыстың батыс бөлігіндегі шекаралық тәртіпті қамтамасыз етіп келеді.

Басқарма құрамында бірнеше шекара бөлімшелері, мобильді топтар мен арнайы дайындықтан өткен мамандар бар. Қызметкерлердің басты міндеті – мемлекеттік шекараны бұзуға жол бермеу, контрабандамен, заңсыз көші-қонмен және басқа да шекаралық құқықбұзушылықтармен күресу.

Қарасай шекара басқармасына қарасты «Қастек», «Жамбыл», «Қарғалы», «Қаскелең», «Алмарасан», «Рабат», «Саты» сияқты шекара бөлімшелері өңірдегі шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады. Әрбір бөлімше стратегиялық маңызы бар аумақтарды бақылап, тәуліктік режимде қызмет атқарады. Бұл бөлімшелердің барлығы өзара үйлесімді жұмыс істеп, шекара қызметінің мызғымас тұтастығын қамтамасыз етеді. Әрбір бөлімшенің жеке құрамы өз қызметіне адалдықпен қарап, күн-түн демей Отан шебінде сапта тұр.

Қарасай шекара басқармасы – тек қана шекара күзетімен айналысатын мекеме емес. Бұл – Отан алдындағы адалдық пен жауапкершілік мектебі. Мұндағы әскери қызметшілер үздіксіз тактикалық және дене дайындығынан өтіп, заманауи жабдықтармен жұмыс істеуді меңгерген. Олар кез келген жағдайда шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын деңгейде дайындықта жүреді.

Қызмет барысында көптеген шекарашылар марапаттарға ие болып, ел тыныштығы жолындағы батылдығымен ерекшеленіп келеді. Қызметкерлердің кәсібилігі мен отансүйгіштігі шекарадағы тұрақтылықтың кепілі болып отыр.

Қарасай шекара басқармасы жергілікті жастармен және білім беру мекемелерімен



тығыз байланыста жұмыс істейді. Олар жас буынға патриоттық тәрбие беру, әскери қызметтің маңыздылығын түсіндіру, болашақ шекарашыларды даярлау бағытында көптеген іс-шаралар ұйымдастырады. Ашық есік күндері, әскери-патриоттық кездесулер, экскурсиялар мен жарыстар арқылы жасөспірімдер ел қорғандарының қызметімен жақынырақ танысады.

Қазіргі замандағы қауіп-қатерлер жағдайында шекара қызметінің рөлі күн санап артып келеді. Терроризм, экстремизм, контрабанда, заңсыз көші-қон сынды қауіптерге қарсы тұруда шекарашылардың қырағылығы мен батылдығы ерекше маңызды. Бұл тұрғыда Қарасай шекара басқармасының және оған қарасты шекара бөлімшелерінің жеке құрамы үлкен жауапкершілікпен қызмет атқарып, еліміздің бейбіт өмірін қамтамасыз етуде.

18 тамыз – Шекарашылар күні – бұл тек кәсіби мереке емес, бұл – Отан шебінде аянбай қызмет етіп жүрген азаматтарға алғыс білдіретін күн. Қарасай шекара басқармасы – тәуелсіз Қазақстанның тыныштығы мен тұрақтылығы үшін қалтқысыз еңбек етіп жүрген батырлардың ордасы. Олардың жанқиярлық қызметі әрқашан ел есінде.

Мерекелеріңіз құтты болсын, шекара сақшылары!

Баянбаев Мәди ТОҚТАШҰЛЫ,

«Қарғалы» шекара бөлімше бастығының орынбасары, аға лейтенант.

Отан қорғаушыларды қалыптастыратын орта

Жас ұрпақтың бойына патриотизм құндылықтарын сіңіріп, оның отаншыл азамат болып өсуіне жан-жақты қолдау көрсету мемлекет жұмысының басым бағыттарының бірі. Елімізде өскелең ұрпақ тәрбиесінде ұлттық игіліктермен қоса азаматтық құндылықтарды дарытуда Отанды сүю қағидаттары әрдайым басшылыққа алынады. Бұл мүдде жолында ҚР ҰҚК Шекара қызметі қара домалақ баланың қамы үшін аянып қалмақ емес.

Мемлекет басшысының ауылдық аймақтарды дамыту тұжырымдамасына сәйкес еліміздің шекаралас аймақтарында құрылып жатқан түрлі әскери үйірмелер мен ерлік сыныптары болашақ Отан қорғаушыларды қалыптастыратын ерекше орта. Осы орайда үстіміздегі жылдың 12-25 мамыр күндері ҰҚК Шекара қызметінде алғаш рет шекара маңы аудандарында тұратын балалар арасында «Шекара мұрагері» бейнебаян байқауы өткізілді. Байқаудың негізгі мақсаты – шекара маңындағы аумақтардың өмірі мен ерекшеліктеріне назар аудару, осы өңірлерде тұратын балалардың бойында шекарашы мамандығына деген құрмет пен патриотизм сезімін ояту болды. Сондықтан да бейнебайқауға қатысқан барлық бала жеңімпаз атанды.

Сондай-ақ, жақында Шекарашылар күніне орай Астана қаласындағы №16 мектебінде «Жас шекарашы» әскери-патриоттық сыныбы ашылды. Бұл бастама жас ұрпақты ел қорғауға және Отанға қызмет етуге дайындауға, сондай-ақ балалардың жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілікті ерте жастан сіңіруге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Бұл бастама ҚР ҰҚК Шекара қызметі «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі мен мектеп арасындағы ынтымақтастық меморандумы аясында жүзеге асты. Келісім аясында сыныпты толық жабдықтау, оқушыларға ардагерлер мен офицерлердің қатысуымен арнайы кездесулер ұйымдастыру, сондай-ақ тәрбие және әскери дайындық сабақтарын өткізу сияқты іс-шаралар жоспарланған.

Жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен «Застава тарландары» РКБ төрағасы отставкадағы генерал-майор М.Сабиолданов мектеп қабырғасындағы әскери-патриоттық тәрбиені жүйелі дамытуға ниетті екенін білдірді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары полковник С.Рахимов аталған бастаманың ел болашағы үшін аса маңызды



екенін және мұндай сыныптардың ұлттық қауіпсіздік жүйесіне қосар үлесі зор екенін ескеріп, жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру жұмысына тиісті тұлғаларды жұмылдыра білді.

Клуб мүшелері үшін арнайы жабдыкталған оқу бөлмесінде әскери форма мен жауынгерлік көрнекіліктер, шекара карталары, қару-жарақ үлгілері және түрлі тарихи жәдігерлер қойылған. Мұнда әр бұрыш – патриоттық тәрбиенің бір нышаны, әр экспонат – шекара қызметінің шежіресін баяндайтын дерек. Кабинет ішін безендірген ұрандар мен фотостендтер балалардың рухын көтеріп, шекарашы болуға деген ынтасын арттыра түседі.

Оқушылар саптық дайындық, спортпен шұғылданумен айналысады. Бұл олардың физикалық дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, бойларына төзімділік, батылдық, қиындықпен күресе білу қабілеттерін қалыптастырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады» деп атап өткендей, «Жас шекарашы» мектебі Отаншылдыққа бастайтын бірден бір тәрбие ордасы.

А.КИРГИЗБАЕВ,

лейтенант,

ҚР ҰҚК Шекара қызметі.

Суреттерді түсірген қатардағы **Д.Қуанышев.**



Жастарға сенім — ел ертеңіне салынған берік іргетас



Бұл тақырыпқа қалам тартқанда, әуелі ойға бірден «Мен жастарға сенемін» деген жалынды да отты Мағжан ақынның өлеңі еске түсетіні рас. Себебі, Мағжан сенген жастардың қуаты мен жігеріне біз де келешекте сенетіндейміз. Жастар — қай кезде, қай қоғамда болмасын, қоғам дамуы үшін аса белсенді буын екені даусыз. «Локомотив» деген әлгі бір теңеуді тап осы жерде қолдансақта, еш асырып айтқанмыз болмас. Бейне моржасынан будақ-будақ түтін шұбап, ұзыннан-ұзақ қазақ даласының ошөті мен бұшөтін дүрсілдете жалғап бара жатқан локомотив елестейді көзімізге. Сондықтан да ата-бабамыз «Ақыл жаста, асыл таста» деп кестелеп, жастардың бойындағы буырқанған қуатты, күшті бағалап, адамгершілік тұрғыда өсіп-өркендеуіне үлкен мән-мағына берген. Бүгінгі таңда тәуелсіз елде шыр етіп өмірге келіп, егемен елдің ақ таңында оянған жастардың жасампаздық рухы да біз сөз еткендей, одан әрі тасқындай түсуі тиіс. Әрине, бұл жерде мемлекетіміздің жастар саясатындағы ұстанған дұрыс бағытының жемісін де атап өтуге болады. Басқасын айтпағанда, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» құрудағы жастарға артқан үмітінің өзі қандай сенімді білдіретінін ойлап көріңіз. Сондықтан да жас кадрларды жинақтау, мықты мамандарды іріктеу мақсатында «кадрлық резерв» таңдауын жасады. Бүгінде қаншама жастың бұл бәсекеде бағы мен бабы қатар шауып, биік мінбеге биік талап, өткір зейінімен шыққаны — сіз бен біз көрген көрініс емес пе?! Жастарды ынталандыру, жан-жақты толықтырып-толыстыру, үздіксіз өресін өсіру мақсатында еліміз ерте бастан «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырса, кейіннен әр қазақтың қара шаңырағындай болған ауылды дамыту үшін жастарға арнап «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жасалды емес пе? Соның арқасында қазақтың алтын бесігі — ауылдық жерлерде жаңашылдықтың, ғылым-білімнің шырағы қайта жана бастады дегуге болады. Қазір тіпті, әр түрлі сала бойынша ауылға жұмыс ауыстырып барған мамандарға төленетін

сыйақылардың көлемі де әжептәуір артып келеді. Бұл, өз кезегінде, білім-білігі толысқан жас маман үшін үлкен мүмкіндік болып отыр. Мәселен, күні кеше ғана медицина қызметкерлері ауылды жерге барып қызмет еткен жағдайда 10 миллион теңге көлемінде ынталандыру мақсатындағы қаражат берілетіні айтылды. Ал аудандық жерге барған жағдайда бұл көмек 5 миллион теңге болатыны да сол ақпаратта сүйіншіленді. Демек, дарыны мен қарымы қатар ұштасқан жасқа мүмкіндік көп деген сөз. «Мүмкіндік» демекші, жалпы жас ұрпақтың осындай сыйға лайық іскер азамат, толымды-толысқан кадр болып өсуі үшін не керек дейсіз бе? Әрине, «Отан — отбасынан басталады» деген жалғыз өсиеттің өзі оның ең жақсы жауабы болса керек. Яғни, ата-ана тәрбиесімен ізгілікті бойға дарытып, мектеп қабырғасында рухани және дәстүрлі құндылықтарды сіңіріп өскен бала осал болмайтыны тағы шындық. Ал жоғары оқу орнында өзін-өзі дамытуына бар жағдай жасау

— жастардың тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды іс. Ал қоғамның әрбір азаматы өз жұмысын еліміздің дамуына апарар маңызды даңғыл жол деп білсе, біз зайырлы мемлекет ретінде көздеген мақсатымызға бұдан да ерте жетер едік. Әйгілі ағылшын саясаткері Уинстон Черчилльдің мынадай бір ұстанымы бар: «Саясаттың да серті бар» дейді біртүйіп. «Оның біріншісі — кешікпеу, екіншісі — асықпау. Қоғам мүддесіне игілігін тигізер істің шешімін қабылдауда кешікпеу керек. Ал ұлт үшін келіп-кетері жоқ, пайдасыз істе шешім қабылдауға асықпау керек. Мейлінше сөзбұйдаға салып, созбақтата беру керек» деп тарқатады тосын ойын. Ал бұл тұрғыда біздің қоғамның таңдаған тәсілі қандай болды десеңіз, оған да жауап дайын секілді. Біздіңше, қазақтың деңгейіндегі уақыт таразысы болашақты жастарға табыстау арқылы «кешікпеу» тәсілін алдыңғы орынға қойды деп білеміз. Бүгінгі таңда жастардың жаппай кәсіпкерлікке бет бұруын байқап жүрміз. Тіпті, мектеп қабырғасындағы балалар да жатса-тұрса

кәсіп жайлы ойлайтындай күйде жүретіндей. Ара-арасында өз іні-қарындастарымыздың әңгімелеріне де бір уақыт құлақ түретініміз рас қой. Олар қай бағытта, қай деңгейде дамып жатқанын байқап-бақылау үшін де. Сонда ұғатынымыз — қазіргі жастар бизнесті жастайынан бойға сіңуі тиіс салалық білім ретінде қарап, одан қорқудың орнына онымен достасқысы келетіндей қалыпта жүргендей көрінеді. Бұл, әлбетте, көңіл қуантарлық жағдай. Себебі, шағын және орта бизнестің мемлекет үшін орасан пайдасы бар екенін білеміз. Қай елдің экономикасы қуатты деген сұраққа, даңқты деген экономистің өзі шағын және орта бизнесі дамыған елдің экономикасы қуатты деп айтатынын талай естідік. Әсіресе, 2009 жылдардағы жалпақ әлемге өз «салқынын» тигізіп, біраз елдің қуатты деген экономикасын шайқап тастаған дағдарысты әлі ешкім ұмыта қойған жоқ. Осы тұста аталған бизнес түрін дұрыс жолға қойған көрші Қытай экономикасы көп зардап шеге қойған жоқ. Оны сарапшылар да сол тұста талай тілге тиек етті. Дәл осындай маңызды факторды ескерген біздің билік кәсіпкерлікті дамытудың шағын да тиянақты, оңтайлы әдістерін жастарға ұсынып келеді. Қала да, мейлі ауылда болсын, өріс ашам деген жасқа ең кемі қағаз жүзінде десек те түрлі тиімді жобаларды ұсынып отыр. Өкінішке қарай, «қағаз жүзінде болса да» деп атап өткеніміздей, бүгінгі күні барлық салаға дендей жайылған бюрократия уыты батпандап кіріп алып, мысқылдап шығуда. «Бұл енді басқа әңгіме» дейтін қашанғы қалыппен біз де әуелгі тақырыпқа қайта ораламыз. «Кәсібі — нәсібі» деген қазақтың жастардан күткені де тыннан түрен салатын, техника тетігін тегершігінде ұстаған жаңашыл һәм талапшыл ұрпақты көргісі келетіні анық. Сол арқылы жастардың әлеуеті артып, тұрмыстық жағдайы жақсарса, жұмыла жұдырық болатын жастар қоғамдаылғасуырейтіналыпкүшкеайналарысөзсіз. Осындайда тоқсан ауыз сөздің түйінін «Жастарға сенім арту керек!» деген сөзге қатысты оймен түйіндегіміз келеді. Осы бір ұранға бергісіз байлам-бәтуә қоғамда шешуші құндылық ретінде өз мәнін лайым жоғалтпаса дейсің. Сонда ғана сөз басында тілге тиек еткеніміздей, Алаштың аймаңдай, арда ақыны Мағжан Жұмабаев айтқан «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» емсе қуатты жас ел жыртығын жамап, кетігіне берік кірпіш болып қаланыры сөзсіз.

Хал қалай, қазақ балабақшасы?

Ағымдағы жылы елімізде 13,2 мың орынды қамтитын 172 мектепке дейінгі ұйым ашылды. Бұл 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 93,1 пайызын мектепке дейінгі біліммен қамтуға мүмкіндік берді. — Бұл ретте жаңа ваучерлік қаржыландыру тетігі еліміздің 19 қаласында және 7 ауданында іске асырылғанын айту керек. Осы арқылы 300 мыңға жуық бала мектепке дейінгі білімге қол жеткізді, ал кезек 44 пайызға қысқарды, — деп хабарлайды Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер желісі кеңейді. Жыл басынан бері олардың саны 4,2 мыңнан 5,5 мыңға дейін артты. Бұдан бөлек, 260 мемлекеттік балабақшада жөндеу жұмыстары жүргізіліп, олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылып жатыр.

Еске сала кетейік, бүгінде еліміздегі 11,8 мыңнан астам балабақшада 1 миллионнан астам бала тәрбиеленуде. Ендеше, бүгінгі қазақ балабақшасының жай-күйі қандай? Осы тақырып бойынша сөз қозғап көрейік.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ — ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы — балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі — өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім — егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу — білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жанарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы — ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін

тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып

бар. Жұмыс істемейтін балабақшаларға қаржы бөлу көбейіп кетті. Мұның бәрі олардың қызметі ашық емес екенін, азаматтық жауапкершілігі жоқтығын көрсетеді. Енді қызмет көрсету сапасын арттыратын кез келді. Үкімет осы мәселені мұқият қарастыруы керек. Лицензиялау тәртібін қайта енгізу, ең алдымен, мемлекетке емес, қоғамға қажет шара. Өйткені, басты мақсат — балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету», — деген еді Президент өз сөзінде.

Мемлекеттік балабақшаларда орын жетіспегендіктен, ата-аналар балаларын жеке балабақшаға береді. Осыған байланысты көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау мәселесі де өзекті.

Күні бойы жұмысбасты болып, өз сәбиінің тәрбиесін балабақшаға сеніп тапсыратын кез келген



оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балабақша басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды қалыптастыруға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ — адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы бар табиғи дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Жалпы мектепке дейінгі орталықтарда бүгінде сан алуан мәселелер кездеседі. Солардың бірі — кезекке тұру.

Бұл мектепке дейінгі білім беру мекемелері айналасындағы даулар қатарындағы маңыздыларының басы ғана. Балабақшаға кезекке тұру, орын жетіспеушілігі, асханадағы тамақ мәселесі, педагогтар мәртебесі, балаларға зорлық-зомбылық жасау сынды айта берсе ұзын-сонар мәселелер туралы түрлі ақпарат көздері жиі жазады. Бұған тіпті, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та назар аударып, үкіметке арнайы тапсырмалар берген болатын: «Жекеменшік балабақшаларда балаларды ұрып-соғу деректері

ата-ана баласының дұрыс тамақтанып, дұрыс тәрбие алып, көңілі мен қарны тоқ болғанын қалайды. Алайда кейбір жекеменшік балабақшаларды балалардың тәрбиесі мен денсаулығы емес, қаражат көбірек алаңдататын секілді. Бұлай деуімізге себеп, ата-ана балалары тәрбиеленіп жатқан біршама балабақша басшылығына деген наразылығын білдіріп, онда көптеген заң бұзушылық болып жатқанын айтып жүргелі қашан.

«Балабақша асханасындағы тағамдар жарияланған мәзірге сәйкес келмейді. Ет, көкөністер, жемістер де жоқтың қасы. Сары май мен ірімшік қосылған бағет болуы керек болса, ішінде ірімшік болмайды, таңғы асқа төрт балаға бір алманы бөліп береді. Сұйық тамақтан су татыған етсіз сорпалар берілсе, кейде сиыр етінің орнына тауық етінің екі түйірі қалқып жүреді. Қою тамаққа тек картоп пен сәбіз. Балалардың барлығы үйге аш келеді. Кейбір балалардың асқазаны ауырады. Балалардың жетістігі мен дамуының 80 пайызы тәрбиешінің еңбегіне байланысты болса, тәрбиешілер театрдың қойылымы үшін ата-анасынан ақша жинағанымен, іс жүзінде өздері өнер көрсетеді. Ойын алаңындағы орындықтарды өздері бояуға мәжбүр», — дейді олар.

Сондай-ақ балабақшаларда жиі куә болып жүрген мәселелер қатарында сабақтың тек орыс тілінде жүргізілуін айта кету керек. Яғни, қазақ тобында сабақ орысша жүреді.

«Бірде бізге балабақшаға қуыршақ театры келеді деді. Бәріміз балаларымыз қатардан қалмасын деп ақша жинап бердік. Ақырында сол қуыршақ театрының орнына тәрбиешілер өнер көрсетті.

Мұнда тәрбиешілерге де өздерінің міндеттерінен тыс жұмыс жүктейді. Мәселен, еден жуып, ауладағы орындықтарды өздері сырлайды. Ал бұл туралы айтуға олардың көбі жұмыстарынан айырылып қаламыз деп қорқады. Тәрбиешілерге еңбек демалысының 50 пайызын ғана төлейтінін естідік. Кейбірі жұмыстан кетуге мәжбүр, яғни мұнда жалақы төлесе де заң бұзушылықтар бар. Одан бөлек, балабақша нелерінің мемлекеттік тілге деген менсінбеушіліктеріне де назар аударғым келеді. Балалардың сөйлеу тілі балабақшада қалыптасатындықтан, қазақ тобының қазақ тілінде білім алуы біз үшін маңызды. Біздің балаларымызға Ресейден келген жас жігіт музыка мұғалімі болып жүр. Ол қазақша білмейді. Балаларымыздың тілі шұбарланбасын деп қазақша топқа береміз, ал балабақша басшылар оған басын қатырғысы келмейді», — дейді Олжас Ақыбаев есімді ата-ана.

Ана тілі — ұлттық тәрбие негізі. Тілді тәрбиеден, тәрбиені ұлттың тілінен бөліп қарау мүмкін емес. Ұлтымыздың рухынан бастап, бойындағы бар қасиеті тілінде сақтаулы тұр. Ұлтының барлық ізгі қасиеттерін алпыс екі тамыры арқылы тараған қан секілді ұрпағының бойына сіңіріп, халқының жанын ұғатын, оған қызмет ететін ұлт-қыз өсіргісі келетін әр жұрт мұны жақсы біледі. Ұрпағын ана тілінде тәрбиелеу — ежелден-ақ біздің халқымыздың басты ұстанымы болған. Сонау ортағасырлық ғұлама Махмұд Қашқаридың «Тәрбие басы — тіл» деуі, халқымыздың «Өнер алды — қызыл тіл» деп, оны бар өнерден жоғары қоюы соның айқын көрінісі. XX ғасырдағы ұлт саясаты мен тіл саясатындағы солақайлық, ұлтсыздандыру идеологиясы қазақтың өмір-салтының өзегі болып келген осы қасиетімізден кеңестік тәрбие мен білім беру жүйесі арқылы айыруға тырысты. Ұлтты тілінен мүлде ажыратып тастай алмаса да, ұл-қызын басқа тілде оқытып, бөгде тілде берілген тәлім-тәрбие мен таным-түсінікті санасына сіңіру әдісімен ұлттың тұтастығын, ұлттық санасы мен рухын бұрын-соңды болмаған жағдайға жеткізіп, барынша әлсіретті. Екі басқа тілді білім алып, тәрбие көрген, екі мәдениеттен сусындаған қазақтың қақ жарылып қалған болмысы әлі толық тұтаса алмай келеді. Отбасынан кейінгі ұлтты тұтастыруға, ұлттық сананың дәнін егуге, ұлттық рухтың негізін қалыптастырып, ана тілінің ұлызына жарыған отаншыл ұрпақты тәрбиелеуге ең күшті ықпал ететін ошақ — қазақ балабақшасы. Балабақша — мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудың ең маңызды сатысы. Өйткені ертен қазақ мектебіне баратын, бүрсігүні маман болып қазақтілді қоғамды қалыптастыратын ұлт үміті, ел болашағы бүгін дәл осы балабақшаларда өсіп жатыр.

Қазіргі жаһандану заманында біз өзімізді ұлтымыздың төлтума мәдениетін сақтап, оны заман талабына сай жаңғыртып, жетілдіріп отыратын мәдени бәсекеге қабілетті ұлт ретінде танытуға міндеттіміз. Ол үшін ең алдымен ұл-қызымызды, жас ұрпақты ұлттық мәдениетпен сусындатып, ана тілінде тәрбиелеуіміз қажет. Ұл-қызымызға ана тілінде тәрбие беру — ұлт болашағының негізі екенін әр қазақ, әр ата-ана, әрбір балабақша менеджерісі мен тәрбиеші жан-тәнімен терең сезінсе ғана сол негізді бұзуға емес, оны мықтап қалауға қызмет етері сөзсіз. Сондықтан ел боламыз десек, балабақшамызды түзеуге, оның материалдық және кадрлық мәселесін дұрыс шешуге жете көңіл бөлу қажет-ақ.



ТАЛАНТТАР ШЫККАН ШАҢЫРАК



кыргыз тилинде 4 сыныпта оқиды. Оқуда озат болған. Ес жиған соң 1938 жылы туған жерге оралады. Бактыбай 1942 жылы әскер қатарына алынып, оқ пен оттың арасында жүріп, осы жылдың сәуір айында ерлікпен майдан даласында қаза табады. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың тамызында Бакберген аға да қатысады. Сол кездегі ішкі істер бөлімінің полкінде Ташкент қаласында арнайы дайындықтан өтіп, қолға түскен жау тұтқындарын елімізге жеткізуге қатысады. Кейін Қиыр Шығыстағы ұрыстардағы жұмыстарға да бір кісідей қатысып, қиындықты басынан өткізеді. Елге тек 1946 жылы оралған жауынгер бухгалтерлік мамандық бойынша білім алыпты. Содан шығар аға байсалды, көпіріп көп сөйлемейтіндігі сол кездегі қатаң тәртіптен қалыптасып қалған-ау деймін. Ұзынағаштағы жинақ банкінде инспектор болады, кейін мал шаруашылығымен айналысады. Қайсар, табанды азаматқа бөлімше меңгерушісі міндеті де сеніп тапсырылыпты.

Көбіне «Шамның жарығы түбіне түспейді» деп жатамыз. Жады мықты жан 1948 жылы «Орыс баласы» жайлы шежірені батыр бабасы Мақыштың өз аузынан жазып алады. Құнды дүние бүгінгі ұрпаққа жеткен жәдігер екені даусыз. Азаматтың ер етігімен су кешкен соғыстағы ерлігін енді біліп отырмын. Көбісі кезінде «Мен соғыс ардагерімін» деп жеңілдіктерін пайдаланды. Ал ағаның мұнысы не деген қарапайымдылық! Алланың берген несібесіне қанағат жасағаны шығар. Тағы бір ерекшелігі Бакберген бауырым газет-журналды үзбей оқитын. Сол кезде әр отбасына басылым көп таратылатын. Отбасының мұрағаттарында жауынгердің жазған өлеңдері мен әңгімелері сақталыпты. Сарғайған қағазда ардагердің сол кездегі қоғамдағы қиындықтар мен өмір жайлы толғаныстары өлең жолдарына арқау болыпты.

Марқұм рухани жан-дүниесін байытуға ерекше көңіл бөлді. Анам осы отбасымен ерекше ыстық қарым-қатынаста болды. Екі үйдің ынтымағы ерекше еді.

Аға «Ала Тоо» деген кыргыздардың журналын үзбей жаздырып алатын. Кыргыз тілін жетік екені осыдан-ақ байқалды. Жастығымынан отбасындағы балаларына деген әкелік қамқорлығына соншалықты

баға бере алмаспын. Ақтай апа жалғыз ұлын ерекше еркелеткендіктен ауылдағы туыстарына оның «үкімі» кедергісіз жүрді. Үкән отағасының алдынан қия өтпеді, қарсы сөйлемеді. Үй тіршілігін ұқсатып, барының бағасын білді. Ауласы жинақылығымен ерекшеленді. Есіктерінен қой-ешкі, ірі қара арылмады. Қара қазанды толтырып сүт пісіріп, кілегей, май шайқайтынын көріп жүрдім. Табаға, «орыс пешке» пісірген нанын абысындары «Үкәннің қолы берекелі» деп риза болатын. Ана көрген тон пішер дегендей үбір-шүбір балалар үй тірлігіне бейім, еңбекқор болды. Әр шаңырақтағы тәрбиенің өз «Әліппесі» бар. Аға мен жемгіміз балаларының оқуына да қатаң талаппен қарағаннан шығар, мектеп бітіргендері Алматыдағы қалаған жоғары оқу орындарына бірден түсіп, диплом алып, өз алдарына шаңырақ көтеріп жатты.

Қазір ойласам, ағаның өмірлік серігі Үкән апамыз Құдайға қараған, қақ-соғы жоқ екен. Енесі Ақтайға деген келіндік міндетін мінсіз атқарды. Қара шаңырақта үйелмелі-сүйелмелі он бір ұл мен қыз тәрбиеленді. Ұлдың үлкені – Едіге, Дамир, Науқаннұр, Медик, Ғалымжан, Тимур, Шыңғыс, қыздары Нұриала, Нұршамша, Шолпан, Әниза



әкесі мен анасынан адамгершіліктің, еңбекке деген ынтаның алғы шарттарын бойларына ерте қалыптастырды. Әкенің қаталдығы, талапшылығы, ананың ұқыптылығы барды ұқсататыны, алдағы өмірлеріне ерекше әсер еткенін бүгінгі тірліктерінен байқалады.

Бакберген аға жайлы қызықты жайттар көп. Ел ішіндегі ағайын-туған арасындағы «еркелігі» жайлы айтылар әңгіме жетіп жатыр. Ең негізгісі ол біреудің ала жібін аттамады, жалған сөйлемеді. Қабағын түйіп тұрса да ар жағында бәлендей ызғар білінбейтін. Неге екенін білмеймін туыстары әлі де ағаны өз атымен атамайды. Алла адамға түрлі мінез бергенінен болар ол кісінің бітім-болмысы ешкімге ұқсамайды.

Қаратөре жүрген жолмен ғұмыр кешу өзгенің қолынан келмейтіні ақиқат. Қазақ ата-ананың бар ғұмырын соңындағы ұл-қызының, немере, шөберелерінің өмірдегі шыққан биігімен, қалыптасуымен бағалайды. Бұл жағынан Бакберген әулеті ұтпаса, ұтылмады. «Орыс баласының» ұйымшылдығы мен бір-біріне деген ықыласы да бір әңгімеге арқау болатындай. Қиын сәттерде, жақсылықтарда ұйыса қалатынына былайғы жұрт үнемі көз жеткізіп жүр.

Қара шаңырақта қазір Шыңғыс пен келін Сәния отыр. Ал, ұлдың қазіргі үлкені Науқаннұр Екей руының біі ширақ қимылдайтын іскер азамат Алматы қаласындағы спорт мектебін көп жыл басқарды. Спорт саласында жеткен жетістігі жетерлік. Құрметті еңбек демалысына шыққаннан бері Қызылөскер ауылынан үй салып, төрт түлік мал өсіріп, кәсібін дөңгелетті. Жан жолдасы Гүлмира екеуі ұл-қыз өсіріп, шаңырақтың берекесін кіргізіп, бауырларына үлкендіктерін көрсеткен жандар.

Бакберген – «Қаратөре» әулетінің бақыты оңынан туғанына осылай тағы бір көз жетті. Дана бабалар «Үйінде ұл-қыз бардың, көгінде сөнбес жұлдызы бар» деп тегін айтпаған. Науқаннұрдың егіз қыздары – Жамила мен Мадина екеуі де спорт саялақтары. Өке жолын қуған Жамила үш дүркін Азия чемпионы, төрт дүркін Әлем чемпионатының жүлдегері. Мадина екі дүркін Азия чемпионы және Әлем чемпионатының қола жүлдегері. Жаны нәзік екі қыз да әйелдер күресінің бәсекесінде үнемі биік

тұғырға шығып, жеңіске жетіп жүр. Мұның бәрі Қаратөре ағаның қанымен Үкән жеңгеміздің ақ сүтімен келген қайсарлық, өмірге деген құштарлық. Ал спорт саласының ардагері Науқаннұр мен Гүлмира сол дара жолды жалғастырған, ұрпақ сабақтастығын жалғаған әулеттің қадірменді иелері.

Адам кейінгіге қарап қартаяды, алдыңғылардың жақсылығы мен бақытын көріп маркаяды. Жакында Науқаннұр бастаған Қаратөренің ұл-қызы әжелерінің жүз жылдығына арнап дастархан жайып, Құран бағыштады. Ағайын-туыс, жерлестері марқұм жайлы естеліктерін ортаға салды. Еске алу жиынының қонақтарына «Қара төре» деген көлемді кітап сый-көде ретінде таратылды. Осылайша Науқаннұр бастаған бауырлары тағы

да көптен ойларында жүрген жақсы істің тияағын келтірді.

Бакберген бауырымыз өзгелердей өмірін байлықпен өлшеп, өрнектемеді. Керісінше, ақырын жүріп, анық басып соңына ерекше із, өшпес өнегелі ұрпақ қалдырғанымен есте қалды. Бұл Алланың берген ерекше сыйы.

Ауылдың бағысындағы қорымда бірін-бірі мөлдір сезіммен ұнатып қосылған Бакберген мен Үкән ұрпақтарының бағындырған биігіне риза болып жатқан болар. Марқұмдардың амал дәптері оңынан ашылып, пейіштің төрінде нұрлары шалқысын дейік, ағайын. Мына тіршіліктің күре тамыры қайырымдылық деген осы екеніне көз жетті.

Күмісжан БАЙЖАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

БОЛАШАК ЧЕМПИОНДАР ТӘРБИЕЛЕЙТІН ОРТА

Халқымызда «Шынықсаң – шымыр боласың. Спорт – салауатты өмір салты» деген қағида бар. Қазіргі таңда аудан мен облыста спорт секцияларына бұрынғыдан да көп көңіл бөліне бастады. Өйткені спорт әрдайым шымырлар мектебі саналады. Сәл шегініс жасасак, 2013 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен 6 сәуір ресми түрде спорт күні ретінде аталды. Бұл бастаманы алғаш қолдаған елдердің арасында Қазақстан да бар. Жалпы, еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері бұл салада ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетті. Ал Қазақстанда тамыз айының әр үшінші жексенбісінде спорт күні аталып өтіп келеді. Еліміз бұл мерекені 1998 жылдан бері атап өтуде. Бұл – Қазақстанда мемлекет тарапынан кең қолдау тапқан спортқа деген шынайы құрмет-қошемет деуге негіз бар.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға және балаларды қолдауға басымдық беру керектігін жиі айтып келеді. Әр облыста, аудан орталықтарында түрлі спорт секцияларын ашуды тапсырды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды.

Елімізде спорт пен дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысатындар саны бүгінде 6 миллионға жеткен. Бұл айтулы мереке – өмірін спортпен байланыстыратын спортшылар, жаттықтырушылар, балалар мен жасөспірімдер үшін ерекше күннің бірі. Жамбыл ауданында жасөспірімдердің тұрақты түрде спортпен шұғылдануына барынша жағдай жасалған. Түрлі секциялар жұмыс істейді. Мұнда жасөспірімдер футбол, волейбол, баскетбол, күреспен қатар бокс, таэквондо, жүзу және басқа да спорт түрлерімен айналыса алады. Балалар үшін барлық қажетті жағдай жасалған. Кең де жарық, жайлы жаттығу залдары заман талабына сай құрал-жабдықпен жарақтандырылған. «Ерінбей жаттық!» деген ұранмен нәтижелі жұмыстар атқарылууда.

Соның бірі – Қарақыстақ ауылындағы «Жамбыл ауданының №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ. Бұл – балалар мен жасөспірімдерге арналған жай ғана спорт үйірмесі емес, мінез, ерік-

жігер, спорт рухы мен жеңіске деген құлшынысты қалыптастыратын мекеме.

Бүгінгі таңда аталған спорт мектебінің басшысы Сыдықов Жасұлан Абрешұлы – ұзақ жылдар бойы грек-рим күресінен ұлттық құрама мүшесі болып, осы спорт түрінің дамуына зор үлес қосқан елге танымал азамат. Жасұлан Азия чемпионатының



қола жүлдегері. Ол әрдайым спортшы жастарға үміт артып, оларға қолдау көрсетіп келеді. Бұл спорт мектебінде спорттың 9 түрі бойынша – бокс, қазақ күресі, еркін және грек-рим күресі, футбол, волейбол, баскетбол, таэквондо, дзюдо секциялары тұрақты жұмыс істейді. Мектепте тәжірибесі мол 34 жаттықтырушы бар. Олардың қатарында Б.Қайрылбаев, А.Алиев, Қ.Абдраймов сынды іскер мамандар бар.

Барлық жаттықтырушылар балалардың шеберлігін шыңдап, олардың спорттық әлеуетін дамытып, биік жетістіктерге жетіп, жүлдегер атануларына барынша жағдай жасап, аянбай еңбектеніп келеді. Жаттығулар арнайы жабдықталған залдарда және алаңдарда өтеді. Барлық секциялар тегін және 6 жастан 20 жасқа дейінгі балаларға қолжетімді.

Жамбыл ауданының №2 БЖСМ тәрбиеленушілері қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстардың тұрақты қатысушылары әрі жүлдегерлері. Көптеген түлектер спорттағы жолын кәсіби деңгейде жалғастырып, Қазақстан және шетелдердің ұлттық құрамасында өнер

көрсетіп жүр. Мектептің басты мақсаты – тек чемпиондар дайындау ғана емес, сонымен қатар шымыр, тәртіпті, мақсатшыл тұлға қалыптастыру. Спорт әрбір баланы қарсыласқа құрметпен қарауға, жауапкершілікке және командада жұмыс істеуге тәрбиелейді.

Жамбыл ауданының №2 БЖСМ – сыйлас достар табатын, өзін-өзіне сенімді болуға және салауатты өмір салтын ұстануға үйрететін спорттық орта. Келем деуші барлық балаларға есік ашық, жаттықтырушылардың қызметі дайын. Осындағы спорт секцияларына балаларды қабылдау жалғасуда. Барлық ниет білдіруші балаларды дамытып, шеберліктерін шыңдап, спортшы болуға шақырамыз. Бәлкім, алдағы уақытта нағыз чемпиондар осы ауылдан, осы спорт мектебінен шығар деген үміттеміз. Ізденіп, талпынған жастар әлі талай биік белесті бағындырады. «Мерекеле барлық ұжымдағы басшымыз бен жаттықтырушыларды шын жүректен құттықтап, олардың алдағы жауапты қызметтеріне тек жеңісті күндер тілеймін. Елдің көк туын желбірететін спортшы жастарымыз көп болсын», – деді Жамбыл ауданының №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері Айтолла Жұлдыз. Біз де аталған



спорт мектебінің ұжымына сәттілік пен жетістік тілейміз.

FFJ (Football For Juniors) футбол мектебі Ұзынағаш ауылында 2021 жылдың ақпан айында ашылған. Бұл – Жамбыл ауданы бойынша алғашқы жеке футбол мектебі. Мұнда балалар 5 жастан бастап

қабылданып, футбол бойынша дайындалады, түрлі жарыстарға қатысып, өз шеберліктерін шындайды. Спорт мектебінің директоры Қалығұл Гүлжан Қонысбекқызы өзі бастап жасөспірімдерді ірі жарыстарға шығарып, жүлделі орындардан көрінуде. Балғын футболшылар 2021 жылдан бері республикалық деңгейде топ жарып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Бұл ұжым «Футбол – тек спорт емес, ол – бірлік, ол – бір отбасы» деген ұранды ұстанады. Мұндағы білікті жаттықтырушылар – Хабаржанов Серікбол мен Мақан Думан – жас футболшыларды облыстық, республикалық жарыстарға шығарып, жүлдегер атандырып жүр.

Жақында футболдан әуесқой командалар арасында Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін жеңімпаз чемпионы Темірлан Арзымбетовті еске алуға арналған, 2011 жылы туған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнир өтті. Бұл жарысқа 8 команда қатысып, жасыл алаңда шеберліктерін көрсетті. Жас өрендер жеңіс үшін мандай терін төкті.

Жарыс қорытындысында Алматы облысы Жамбыл ауданының FFJ футбол командасы

3-орынға ие болып, арнайы кубок пен қола медальға қол жеткізді. Ойыншылар – Шахмет Мейіржан, Апперханұлы Ислам, Хамит Ислам, Тоқа Қайсар, Махамбет Жолдасбек және Шүйтбай Ерасыл көрермен көз-айымына айналды. Ал жекелей марапат бойынша Нұрсұлтан Жігер «Үздік қорғаушы» атанды. Бұл – спорт мектебінің келешегі зор жеңісті күндерінің

бастамасы. Спорт күні мерекесімен директоры Гүлжан Қонысбекқызы бастаған FFJ футбол мектебінің ұжымын құттықтап, жеңісті күндер тілейміз.



Бұлдыбай Анарбай САҒИҰЛЫ,
профессор,
Қазақстан
Жазушылар
Одағының мүшесі.

Өткенге көз салып, болашақты болжаған кездерімізде халқымыздың атадан-балаға, ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан рухани құндылықтары аз емес екенін көреміз. Сонын бірі – айтыс. Бұл өнер талай майталман ақындардың ақындық аренаға шығуына, шындалу өнер мектебі болғаны баршамызға мәлім.

АЙТЫСТЫҢ АЖАРЫН АШҚАН ЕСЕНҚҰЛ АҚЫН

Айтысқа кез-келген ақындық қабілеті бар адам түсе бермеген, тек өзіне-өзі сеніп, кемелдендім-ау деген ақын ғана сөз сайысына түсетінін ескерсек, бұл сынақтың ақын үшін өте жауапты болғанына көзіміз жетеді.

Бұнымен қатар өткен айтыстарды басқа ақындар мен шәкірттері жаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыруы да, бұл өнердің, ондағы маржандай тізілген сөздер мен қылыштай қиып түсетін отты шумактардың құдіретінен ғой дейміз.

Жай уақытта айтылса, өкпеге, ренішке алып келіп соғатын уытты сөздер айтыста ақынның қуатты қаруына айналады. Бұл өнердің өзіндік құндылығының бірі – қанша уытты сөздер айтылса да ақындардың өзіндік сыйластық, яғни ақындық этиканы жоғары ұстауы. Бұған айтыстардан көптеген мысал табуға болар еді.

Біржан мен Сараның айтысына көз салып отырғанда бір-бірін сынап, кемшілігін іздеп отырған ақындар айтыстың аяғында бір-біріне берген жоғары бағасы – көп мысалдың бірі ғана.

Сыр бойы сүлейлерінің, Арканың әнші дауылпаздарының дәстүрі секілді Жетісу ақындарының да өзіндік ақындық айтыс дәстүрі бар. Бұл дәстүр осы күнге дейін үзілмей сақталып келе жатқандығын мақтанышпен айтуға болады.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында халқымыздың қайталанбас құндылықтарын салаларға бөліп, олардың ішінде фольклорлық мұраларды да ерекше атап өткен болатын. Сол рухани мұраның бір көрінісі – айтыс өнері. Есенқұлдың айтыстарына алғы сөз жазу өтінішімен бірге келіп, әншейіндегі айтыскер ақынның айтыстарын талдау, оның айтыстағы шеберлігін ашу секілді мақала айтыстың алтын дңегін қаққан Сүйінбай Аронұлының, оның ұстазы Қамал жыраудың жолын жалғастырып Есенқұл Жақыпбековке аздық ететін секілді көрінді.

Шындығында Есенқұл қандай айтыскер ақын еді, бірде өрлеп, бірде өшуге таянған айтыстың қилы-қилы даму жолдарында Есенқұлдың ізі бар ма, бар болса ол қай дәрежеде деген ой сонау 1972 жылы Жамбылдың 125 жылдығында Манап Көкенов, Көкен Шәкеев, Әбікен Сарыбаев, Қалихан Алтынбаевтардың жарқ ет түсуін академик Ғ.Мүсірепов елеулі оқиғаға балаған кезден бастап телевизиялық айтыс деп аталып кеткен айтыстың жаңаша жаңғыруын, яғни қазіргі сөзбен айтсақ айтыстың жаңа форматта көрінуінің жобасын алғаш жасап, телевидениенің әдеби-драмалық бағдарламасының жігіттері Әділбек Тауасаров, Тұршабай Жағыпаровқа алып барып Камал Исмаилов, Сұлтан Оразалиновтың келісімін алып Темірше Сарыбаевпен бірге Талдықорған облысы мен Қызылорда облысының алғашқы телевизиялық ақындар айтысы мен жыршы, термешілер жарысын «Бәйге» деген атпен ұйымдастырған маған көріп тұрып, көргенді айтылау күна секілді.

Ол кездері айтыстың жаңаша сілкініс жасауы оңай жолмен келген жоқ. Халқымыздың асыл мұрасы өзінің суырып салмалық, аяқ астынан қынынан суырылған қылыштай өткірлігінен айырылып бара жатқанын көрген халқымыздың ұлы перзенттері айтысты қалай жаңғыртамыз деп аудан, облыс аралық, Жамбыл, Кенен секілді ұлы дарындардың мерейлі тойларына айтыстар өткізе бастады. Бірақ қанша тырыссақ та суырып салма ақындар саны көбеймей, жазып, жаттап, күні бұрын келісіп алып айтысушылар саны басым болып тұрды. Бірақ бұл іс те өз нәтижесін бермей қойған жоқ. Ол 1980 жылы мемлекет Қаулысымен Мәдениет министрі Жексенбек Еркімбеков басқарып Қазақстан Республикасында отыз жеті жылдан кейін өткізілген Республикалық айтыс еді.

Ұзақ уақыт қысымда болған сөз өнері, XX ғасыр соңында шын суырыпсалма ақындарға зәру бола бастаған жағдайға келген еді. Сол бір айтыс өнеріне төнген қауіпті, жаттанды сөз, ұзақ-сонар баяндау секілді кеселді 1980 жылы өткен ІІ республикалық айтыс сырып тастағандай болды. Осы бір кездерде Үмбетәлі, Кенен, Қалқа, Нартай, Қуат секілді тарлан ақындардың сарқытын ішкен Көкен Шәкеев, Қалихан Алтынбаев, Әбікен Сарыбаев, Надежда Лушникова, Қалдыбек Әліқұлов, Көпбай Омаров, Мүтәліп Қыраубаев секілді ақындардың айтысқа бел шеше кірісіп, айтыс деген жаттанды сөз емес, суырыпсалма ақындық өнер екенін өз істерімен, өлең-жырларымен дәлелдегенін айта кеткен жөн.

Осы Республикалық айтысқа Есенқұл қатыспаса да ерен еңбек сіңірді. Ол Алматы облысында Есенқұлмен айтыса жүріп шындалған досы Айтуған Шайымовтың, Күртінде өткен айтыста Есенқұлмен айтысып домбыра тарта алмаса да, тақтақтап айтса да суырып салмалық өнерін Есенқұл арқылы көрсеткен Райхан Нәкееваның, ежелден елге таныс нағашы апасы Надежда Лушникованың, сол кездегі айтыстың ақтан керінің бірі Әсімхан Қосбасаров

ағасының Алматы облысы атынан айтысқа түсуіне Есенқұлдың еңбегі аз болмады, ағалары Әлімқұл Жамбыловпен, Нәсілхан Токтасынова және Алматы облысының талай талантты айтыскер ақындарына бірге бәйгеге қосылғандарға шын тілекші болды. Райхан Нәкееваның бағын ашты.

Оның мысалы Надежда апасымен айтысында: Жамбылдың естіп өскен киелі үнін, Халқыма ұлын басын иеді мың. Айтыста алтын дінгек болған неше, Ұлымын жыр елінің, күй елінің, – деп өзінің бойындағы қасиеттілікті көрсетсе, Райханмен айтысында:

Несіне ағамын деп мақтанайын, Өзіңнен осы бастан сақтанайын. Болашақ ақын Сара өзің болсаң, Біржанның міндетін мен атқарайын, – деп сыпайылық пен шын талантты бағалаудың жолын көрсетеді.



1982 жылы ұйымдастырылған телеайтыс хабарының түп-төркіні халық өнерінің қасиеттісі – бұрынғы айтыс дәстүрінен бастау алады. Суырыпсалма ақындық өнердің ұшқыр қиял мен терең ойдың жемісі болып табылатын ақындар айтысы – халық ауыз әдебиетінің өрісі кең, арқалайтын жүгі мол үлкен бір саласы екенін көрсетті. Оның тамыры тереңде жатқандықтан және халықтық өнердің негізінде дүниеге келгендіктен де «Телеайтыс» құнарлы топыраққа егілген дән секілді тез көктеп, жылдам жетіліп, халық игілігіне айналып кетті.

Бұрын тек сүре айтысы ғана ел назарына ұсынылып жүрсе, енді қыз бен жігіт, түре айтыс, жұмбақ айтыс, қайым айтыс, өтірік өлең айтыстары халыққа ұсынылып жандана бастады. Осы жылдар аралығында бұрынғы айтыскерлердің қатарына Әсия, Қонысбай, Әселхан, Тәушен, Әбдікәрім, Есенқұл, Ерік, Нәсілхан, Баянғали, Серік, Абаш, Құдайберлі, Қатимолда секілді таланттар, суырып салма өнердің шын иелері келіп қосылды. Бұл айтыс өнері үшін үлкен олжа еді.

«Айтыс» хабары халықтың асыл мұрасын, төл өнерін тірілтіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, айтыстың көптеген түрлерінің (қайым айтыс, жұмбақ айтыс, өтірік өлең, қыз бен жігіт айтысы т.б.) қайта жаңғырып өркендеп өсуіне, дамуына ықпалын тигізді, күннен күнге жетіле беруіне игі әсер етті. Бұл айтыс түрлерінде ақындық қасиет пен суырып салмалық өнердің ең басты да тартымды белгісі ұшқырлық пен ұтқырлық айтысқа түскен әрбір ақынның бойынан табылуын талап ететін жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды. Мәселен, залдағы көрермендер ұсынған тақырыпқа екі ақынның табан астында өлең шығарып жауаптасуы, топ болып қайымдасуы бұған айғақ. Бұлар кез-келген айтыс ақынының қолынан келе бермейтін ерекше қасиет еді.

Шындығында телевизиялық айтыс кейін алғашқы басталғанда қайта жаңғырту мақсатында қосылған қайым айтыс, түре айтыс, өтірік өлең жарысы, қайым айтыс секілді жанрларды кейін сырт қалдырғанымен талай таланттардың бағын ашты, ашып та жүр.

Халық сол кездері тайлы-таяғына дейін қалмай айтысқа келетін, шаршамай теледидардың алдында отыратын. Телевизиялық айтысты алғаш ұйымдастырып, халық назарына ұсынғанда кейін бәсеге айналып кеткен финалға шығу үшін жанталас, түрлі амал-айалар емес, айтысты қалай халыққа қайтару, айтыскер ақындарды халық арасынан табу мақсатын көздеген еді.

Сондықтан да сол кездері кез келген бәйге додасының финалына лайықты Талдықорған, Алматы облысының ақындары осы өнердің алғашқы басталуының қысқартуына ілінді, бірақ кейін финалға шыққан Қызылорда, Шымкент облысы айтыскер ақындарымен айтыстың бағын ашты.

Суырып салма Әбікен Сарыбаев, Абай Асылбаев, Жұмаш Оспанбекова секілді айтыскер ақындары, Қәден Балғымбеков, Гүлмайдан Сүндетова, Сағат Жылгелдиев секілді жыршы, термеші, әншілері бар Талдықорған облысы, Манап Көкенов, Мүтәліп Құраубаев, Бибігүл Жапбасбаева, Серік Өтеуов секілді айтыс тарландары, Алма Қыраубаева, Әлмырза Ноғайбаев секілді жезтаңдай термеші, әншісі бар Қызылорда облысы таңдап алынған еді. Ғылым докторы болғанына қарамастан «мен де Қызылорданың қызымын» деп сол облыстың атынан терме айтып сайысқа түскен Алма Қыраубасеваның еңбегі де ерен еді.

Алғаш «Бәйге» деген атпен өткен телевизиялық айтысқа халықтың ықыласы телевидениеге келген жүздеген хаттардан көрінді.

Сол кездегі Қазақ телевидениесінің басшысы Камал Исмаилов бағдарлама басшыларына бұл жобаны «Айтыс» деп атап, ары қарай жалғастыруды тапсырған соң сол кездегі «Халық қазынасы» хабарының жүргізушісі маған және Т.Сарыбаевқа кезекті

облыстардың айтысын даярлауды тапсырды. Бұл кезде қолда Республикалық айтысқа қатысушылардың деректері бар Темірше екеуміздің басшыларға Алматы және Шымкент облысының ақындары айтысын ұйымдастырсақ деген ойымыз ұнап бізге Шымкентке жолсапарға мүмкіндік берді. Сол кезде ойымыз осы басталған дүниені дұрыстап жалғастыра алсақ дегеннен басқа болмаған біз айтыстың жаңа дәуірі енді басталғанын білмейміз де.

Шымкентке барған бойда өзімізге таныс Көпбай Омаров, Қалдыбек Әліқұлов секілді айтыс ақындарын көріп бұл жолғы айтыс та жаман өтпейтініне сенімді бола бастағанымызда облыстық мәдениет бөлімінің басшысы Тәліп бізге алғаш рет Әселхан Қалыбекова, Әбдікәрім Манапов және бірінен бірі өтетін әнші, термешілерді таныстырды.

Алматыға қайта келген соң Алматы облысының ақындарын даярлай бастағанда Әлімқұл, Надежда секілді аға-әпкелері бар топта Есенқұл мен Хасен Саматыров тұрды. Термеші ретінде жасы келіп қалса

Ақындар айтысы жаңа өріс алып Қытай мен Монғолиядан, Өзбекстан мен Ресейден айтыскер ақындар қатысқан І Халықаралық ақындар айтысы, 1990 жылғы төрт күнге созылған «Наурыз айтысы» және т.б. айтыстардан бастап көп жылға дейін Есенқұл Жақыпбеков айтыста азулы ақындар Аманжол Әлтаев, Ерік Аскаров, Құдайберлі Мырзабеков, Нәсілхан Токтасынова, Шорабек Айдаров т.б. айтыс додасында бақ сынасты.

«Айтыс сөз тапқырлығының ғана жарысы емес, ол халықтың теңдесі жоқ тамашаға кенелетін де орны. Қалың елдің көз алдында жекелік те, қоғамдық та мәселенің неше алуанын батыл да, айқын да көтере алатын мүмкіндік тек айтыста ғана бар. Жазба ақындардың туындысы оқушысын тапқанынша, бағасын алғанынша біраз уақыт керек, ал айтыс ақынының әрбір сөзі елдің алдында бірден айтылып, әлеуметтік те, эстетикалық та міндетін орындап отырады, ал ақынға айтқан сөзі халықтың көкейіне қонып, санасына ұялағанын көруден артық мұрат

бар ма? Ендеше жазба туындыдан түр жағынан ұтылатын айтыс өлеңі өзінің пәрменділігі жағынан анағұрлым жоғары тұрады. «Фольклор бір жағынан «ескіргендеу» болып көрінгенмен, онда ешбір жазба шығарма айта алмаған көркем әсіреулер, мәңгілік мәнін жоймас бейнелер бар» – деп жазады ғалым Р.Бердібаев.

Осылай Есенқұл Жақыпбеков халық айтыстың аламан бәйгесінің ортасынан іздейтін, оның айтыстарына мейірлене қол соғатын, айтыстың үлдесі мен бүлдесіне ғана емес кейде бауырларынан таяқ жеген ақындық айтыс ақынына айналып бара жатты.

Көпшілік жиналған отырыстарда қыз бен жігіттің, немесе жеңге мен қайының бір-екі ауыз әзіл аралас тапқыр өлеңінің өзі елді ерекше серпілтіп, көңілдендіріп тастайтынын екінің бірі біледі. Ал бір ауыз ұтқыр өлең айта білгеннің өзі қабілеттілікке жатады. Қайым өлеңде әріптесіне бір шумак сөз таба алмаған адам үлкен, ұзақ айтысқа ешқашан бара алмайды. Сондықтан, қайым өлеңдер күллі айтыс өнерінің бастауы болып табылады. Телевизиялық қайым айтыста да қарсыласынан іркілмей қайымдасқан да Есенқұл еді, бірақ өкініштісі солар жиналмай, баспа бетін көрмей кете барды.

Ас-жиын, той-томалақта түрлі жол-жоралғылармен, салт-санамен қатар қара өлең айту, қайым айтысу қазақ топырағында қалыптасқан дәстүр болатын. Сондықтан да, оны өнер бәсекесінен гөрі, думан-тамашаның кілті деп түсінсек болады. Ал, сондай дәстүрлі айтыстардан шындалып, баптанып-буырқанып арналы ақындар айтысына түсу кез-келген таңдайына тәңір түкірген өнерлі өренге «ақын» деген атақты, құрметті иеленуге мүмкіндік беретін алтын баспалдақ, сындарлы саты болғаны еш дау тудырмайды.

Осындай айтысты Есенқұлдың Жібек Жарқынбаевамен айтысынан көруге болады.

Есенқұл:

Беу құдаша, айтып жібер атыңды ал,
Осындайда танысуға хақым бар.
Бұл қазақта құдашадан құр қалсаң,
Құдай аты қалар деген нақыл бар.
Жібек:
Мен айтайын, керек десең атымды ал,
Аты-жөңді айтуға әбден хақым бар.
Осы неге қызды көрс қылмындап,
Көрсекызар болады екен ақындар?



Бойында айтысатын бар ма қайрат,
Ақыны сен екенсің қойған сайлап.
Бар болса өлеңнің жылдам естірт,
Тұрғанды жақтырмаймын босқа сайрап.

Ақын боп жүрген кезде жерді басып,
Кез келді айтысуға бүгін нәсіп,
Суырып салма ақындық оңай емес,
Шығатын шын айтыстан құмарласып.
Қиыннан қиыстырып әкеле алсаң,
Кетеді-ау, өлең шіркін балдай татып, – деген өлең жолдары толық дәлел бола алады.

Сондай-ақ бұл айтыс айтыскер ақындардың ғана емес қазактың нар тұлғалы екі азаматының да бағын ашты. Сұлтан Оразалин Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің мәдениет бөліміне басшы болып, Жүрсін Ерманов өмірін арнаған «Айтыс» атты хабарды алғаш халыққа жеткізген Қазақ телевизия комитетінің Әдеби-драмалық хабарлар редакциясының басшысы болып тағайындалды.

С.Оразалиннің арқасында айтыскер ақындар өні тұрмақ түсінде көрмейтін Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің қонақ үйінде шалқайып жатты.

Бұл айтыс Есенқұл Жақыпбековтың жұлдызды айтысы болып қана қойған жоқ оған айтыс алаңында кең жол ашылды. Сессия тапсыра алмай, Т.Қожыкеевтің айғайынан мы ашып жүрген ҚазҰУ-нің Журналистика мамандығының сырттай бөлімінің студенті Есенқұл Жақыпбеков осылай жаңа белеске көтерілді. Енді онымен айтысуға азулы ақындар ғана тәуекел ететін болды.

(Жалғасы 6-бетте)



Білікті жұмысшы – қуатты мемлекет негізі



Солтанбеков Марат 1955 жылы 6 тамызда Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласында дүниеге келді. 2008 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Таңбалытас ауылында ЖШС «Ауыл Су Қызмет» мекемесіне оператор қызметі бойынша жұмысқа тұрды. Оператордың қызметі бұл процестерді жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Оператор су жүйелерін бақылап, техникалық ақауларды анықтап, су сапасының нормаларға сәйкестігін тексереді. Оператор су көздерін ашып-жабуды, сорғыларды басқаруды, су ағынын реттеуді, сондай-ақ су тарату желілерінің жұмысын қамтамасыз етуді қадағалайды. Сонымен қатар, ауыл су қызметінің операторы тұрғындардың сұрақтары мен өтініштеріне жауап береді, ақауларды жоюға бағытталған әрекеттерді атқарады. Су – тіршілік көзі демекші, «Ауыл Су Қызметі» ЖШС жұмысы халықтың денсаулығын жақсартуға, өмір сапасын арттыруға, экологияны сақтауға және экономикалық тұрғыдан тиімді болуына үлкен септігін тигізеді.

Солтанбеков Марат ағаның адалдығы мен еңбекқорлығы әріптестері мен жергілікті халық тарапынан жоғары бағаланып, өз ісіне шынайы берілген жан ретінде танылды.



Мансурбаев Бүркітбай Жантубайұлы 1964 жылдың 25 мамырында Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Самсы ауылында дүниеге келген. Жастайынан техникаға ерекше қызығушылық танытып, еңбек жолын трактор айдаудан бастаған.

1990 жылы «Қастек батыр» атындағы ұжымда қарапайым механизатор-тракторшы ретінде жұмыс істей бастады. Кейіннен 13 жыл бойы «Сәмен батыр» атындағы шаруа қожалығында механизатор-тракторшы болып еңбек етті. 2008 жылдан 2023 жылға дейін жанар-жағармай бекетінде қарауыл қызметін атқарған.

Қазіргі таңда Бүркітбай Жантубайұлы «Самсы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өрт сөндіру бекетінің қызметкері болып жұмыс істейді.

Еңбексүйгіштігімен, қарапайымдылығы және жауапкершілігімен ауылдастарының ерекше құрметіне бөленген. Ол – ауыл жастарына үлгі боларлық тұлға, еңбекқорлық пен адалдықтың жарқын көрінісі. Бүркітбай Жантубайұлы сынды азаматтар – ауылдың тірегі, елдің берекесі.



Самсы ауылдық округіне қарасты Қона ауылындағы теміржол бекетінде 18 жыл бойы абырманын еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі теміржолшы – Шапиев Байтемір Хатепбайұлы.

Байтемір Хатепбайұлы еңбек жолын 2007 жылы, небәрі 20 жасында теміржол саласында механик-монтер қызметінен бастады. Жас маман бола тұра, өз ісіне деген ықыласы мен жауапкершілігінің арқасында аз уақыт ішінде тәжірибе жинап, қызметтік сатылардан көтерілді.

2009-2013 жылдары Қона бекетінде станция кезекшісі қызметін атқарып, бекет жұмысының қауіпсіздігі мен тәртібін қатаң қадағалады. 2013-2023 жылдар аралығында Қона бекетінің станция меңгерушісі қызметін атқарып, бекет жұмысын тиімді ұйымдастыруда және теміржол қозғалысының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде елеулі үлес қосты.

2023-2024 жылдары Алтынкөл–Жетіген бағытындағы теміржол диспетчері болып еңбек етіп, пойыз қозғалысының қауіпсіздігі мен кестенің қатаң сақталуын қамтамасыз етті. Қазіргі таңда туған ауылында теміржол саласында өз мамандығына адал қызметін жалғастырып келеді.

Шапиев Байтемір Хатепбайұлы – еңбекқорлығы, адалдығы және кәсіби біліктілігінің арқасында ауылдастарының құрметіне бөленген, жас мамандарға үлгі болар нағыз еңбек адамы.!

Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімі.

Қызмет

«Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметі

Қазіргі кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге күннен күнге сұраныс жоғарылап келеді. Бұл ретте, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер, оның ішінде электрондық нысанда (ЕГОВ) және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы қоғамның хабардарлығы артуда.

Осыған байланысты, біздің мекемеде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бірі «Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік қызметіне тоқталсақ. Бұл мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру үшін:

- Қызметті алушы аталған бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш
- сәйкестендіру үшін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат
- жануарлардан алынатын өнімдерге, шикізатқа, азықтарға – зертханалық сараптама актісінің көшірмесі;
- иттер мен мысықтар үшін – ветеринариялық паспорт көшірмесі;
- ветеринариялық анықтаманың порталда болуы;
- ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын электрондық құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Ветеринариялық сертификат өтініш түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде беріледі. Ал дайын сүт, май және балық өнімдеріне ветеринариялық сертификат өтініш түскен күні беріледі.

Егер келесідей негіздер анықталған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден заңға сәйкес өтініш түскен күні уәжді бас тартылады.

Атап айтатын болсақ:

- көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың (немесе) оларда қамтылған мәліметтердің дәйексіздігі (сәйкессіздік) анықталталған жағдайда, сонымен қатар

-жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы аурулары бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің шығу (болу), жүру (бағыты) және (немесе) келу (межелі пункт) орнының эпизоотиялық ахуалының нашарлауы;

- мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау объектісінің қауіпсіздігі мониторингінің нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне төнетін қатердің расталуы;
- мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жануарлар саулығы мен адам денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарын бұзушылықтың анықталуы;
- ветеринариялық сертификатты алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықталуы;
- көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің, көлік құралдарының, деректердің және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтердің қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветеринариялық сертификат алуға байланысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімі) болуы шарт.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын көтере отырып, азаматтарға жеңілдетілген және жедел қызмет ұсыну аудандық аумақтық инспекция қызметкерлерінің басты міндеті болып саналады.

Қосымша сұрақтарыңыз болса 2-00-51 байланыс телефоны арқылы хабарласып немесе Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы Сатпаев көшесі №117 мекенжайында орналасқан мекемемізге келіп тікелей кеңес ала аласыздар.

Әсем КӘРІЖАН,

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы.

Маман кеңесі

ҚҰТЫРЫҚ АУРУЫ



иттің құтыруы жан-жақты зерттелген. Итте құтырық өршіген және бәсең түрде өтеді.

Өршіген құтырықтың 3 кезеңі болады: біліне бастаған, көтерілген және дел-сал. Біліне бастаған кезең 12 сағаттан 3 тәулікке дейін созылады, бұл кезде жануардың мінезінің өзгеруі байқалады. Ит көңілсіз немқұрайлы болып, қараңғы бұрышқа немесе үйшігіне тығылады, иесінің шақыруына ықылас білдірмейді. Кей жағдайда иесіне тым еркелеп, қолын, бетін жалауға тырысады. Бұл кезде иттің сілекейінде вирус болатындықтан, өте сақ болған жөн. Біртіндеп ит мазасызданып, тез шошынып, ызақорланады, орынсыз жүгіре береді. Кейде таланған жерін жалап, үйкеп, тіпті тістелейді. Иттің кенеттен өшпенділігі артып, орынсыз басқа жануарларға, адамға, тіпті өз иесіне де ұмтылуы мүмкін. Біліне бастаған кезеңі соңында жұтқыншақ бұлшық еттерінің салдануы нәтижесінде жануар жұтына алмай, бір нәрсеге қақалғандай әсер туғызады.

Бұл белгілер аурудың көтерілген кезеңі басталғанын көрсетеді. Бұл кезең 3-4 күнге созылады. Иттің қорқыныш сезімі жоғалып, шынжырын тістеп, бұлықнып, үзіп кетуге тырысады. Босалып кетсе адамға шауып, бет алды жүгіріп, қашып кетеді. Құтырған ит бір күн ішінде ондаған шақырым қашықтыққа жүгіріп, кездескен мал мен адамға шабады. Ұмтылған кезде үрмей, үндемей қабады.

Мысықта құтырықтың белгілері иттегідей. Өршіген түрі жиі кездеседі. Бастапқы кезеңде мысық аса секемшіл, қорқақ болып, қараңғы жерлерге тығылып қалады. Ондай жерден алып шығуға тырысқанда иесін тырнап, тістеп алуы мүмкін. Әдетте кісінің бетіне шабады. Мұндай мысық өшпенді келеді, әсіресе ит пен кісіге соқтығады.

Жабайы етқоректілер құтырған кезде адамнан қорқуды қойып, өшпенділігі артады. Әсіресе құтырған қасқыр мен қорқақ қасқыр қауіпті болады. Жабайы жыртқыштарда үй жануарларындай гидрофобия (судан сескену) болмайды. Өршіген кезеңінде олар үлкен өзендерден де жүзіп өтеді. Құтырған түлкі мен

Көші-қон

Жамбыл ауданында ағымдағы жылдың 6 тамызында Солтүстік Қазақстан өңіріне қоныс аударуды жоспарлап отырған азаматтарға арналған маңызды кездесу өтті. Аталған шараға арнайы келген делегация құрамында Уәлиханов ауданы әкімінің орынбасары Бейсенбин Дархан және «Отандас-ел» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұқан Намытпек болды.

Жаңа өңір – жаңа мүмкіндік



Меймандар алдымен аудандық Мансап орталығының мамандарымен бас қосып, Солтүстік өңірде жұмыс күші тапшы салалар, бос жұмыс орындары, тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік жеңілдіктер және мемлекеттік қолдау тетіктері жайлы кеңінен баяндады. Делегация өкілдері қоныс аударушыларға берілетін қаржылай көмектер, жол шығындарын өтеу, отбасы мүшелеріне арналған бір реттік жәрдемақы және жаңа ортаға бейімделу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Кездесу барысында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, нақты жауап алды. Әсіресе, Солтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп саласында еңбек етуге ынталы азаматтарға үлкен мүмкіндік бар екендігі атап өтілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл түсіндіру жұмыстары халыққа көшу бағдарламасының артықшылықтарын түсіндіруге, жұмыссыздықты азайтуға және елдің демографиялық тепе-теңдігін сақтауға бағытталған.

Жиын соңында делегация мүшелері Жамбыл ауданындағы бірнеше ауыл тұрғындарымен жеке кездесіп, көшудің нақты шарттары мен қажетті құжаттар тізімін түсіндірді.

Ермек ҚАРТАҢБАЕВ,

Мансап орталығы директорының орынбасары.

қарсақ тапа-тал түсте елді мекендерге келіп, иттермен таласады, адамнан қашпайды.

Сиырда құтырықтың салданған түрі жиі кездеседі. Жануар табыннан бөліне береді, күйіс қайтаруы тоқтап, жұтынуы қиындайды, сілекейі ағып, мөңіреген кезде дыбысы жөнді шықпайды, жүргенде шатқаяқтап, теңселеді, аяқтары салданады. Өршіген құтырық кезінде бас жібін үзіп кетуге тырысып, бұлқанады, дыбысы әлсірейді, аяғымен жер тарпиы, қоршауды бұзып кетуге тырысады. Итке, мысыққа деген өшпенділігі білінеді. Сілекейі шұбырып, терлеп, несеп пен нәжіс шығаруға ыңғайлана береді, кейде жыныстық қозу белгілері байқалады.

Балау. Алдын-ала диагноз індеттік және клиникалық белгілері бойынша қойылады. Анамнез бойынша құтырған немесе күдікті жабайы жыртқыштар мен иттің қапқаны немесе жанасқаны анықталады. Клиникалық белгілерінің ең маңыздысы – ешбір себепсіз өшпенділік білдіруі, денесінің салдануы. Клиникалық-індеттанулық диагноз адамдар мен жануарларға ауру жұғуын сақтандыратын жедел шаралар жүргізуге негіз болады, бірақ оны лабораториялық зерттеу арқылы түпкілікті анықтау керек.

Зертханаға малдың басын, ұсақ жануарлардың өлексесін тұтастай жібереді. Өлексе мен басты екі қабат полиэтилен қапшықпен металл контейнерге немесе су өткізбейтін ыдысқа салып, ал миды (жаңадан алынған немесе 30-50% глицеринмен консервіленген) мұқият жабылған банкіге салып, жәшікпен жеткізеді.

Емі. Құтырған жануарды емдемейді, тез арада өлтіреді, өйткені оның адамға ауру жұқтыру қаупі зор.


Аурудың алдын алу шаралары. Құтырықтың алдын алу үшін бірнеше мамандық иелерінің, тұрғындар мен әкімшіліктің үйлестірілген іс әрекеттері қажет. Барлық иттерді есепке алып, иесіз жануарларды жою керек. Иттер жыл сайын егіліп, егілмеген иттерді аң аулауға, күзетке, мал бағуға пайдалануға тыйым салынады.

Үй жануарларын құтырықтан сақтандыру шаралары оларға жабайы жыртқыштардың шабуына жол бермеу, күзет үшін егітілген иттерді ғана пайдалану болып табылады.

Құтырған жануарлар арнай қорымда өлтіріліп, өртеу арқылы жойылады. Тек қана кісіні қапқан ит пен мысықты өлтірмей, окшаулап 10 күн бойы ветеринариялық бақылауда ұстайды. Егер бұл уақытта кісіні тістеген жануарда құтырықтың белгісі білінбесе, оның тісі тиген адам сау деп есептеледі.

М.ЖАНАЛИЕВ,

Жамбыл ауданы ветеринариялық бөлімінің вет.дәрігері.



Әке – асқар тау, Ана – бұлақ

Шаңырақтағы ұл мен қыз бауырындағы жасыл құрақ деген...

Иә, осы бір мағынасы терең тәмсiлдi жиi еске аламыз. Әр шаңыраққа дәл осындай нұрлы, шуақты жақсылық ұя салсын деп тiлеймiз. Қарапайым отбасының иесi Ержан мен киесi болған Лашын Құтпанқұловтардың тұңғыштары Айман Самсы ауылына ұзатылып, Елдар деген азаматпен шаңырақ көтергелi де бiраз жыл болыпты. Сол тойда менiң апам:

– «Айман бүгiн сен бала келiн болып табалдырық аттадың, ендi дана келiн болып, барған жерiнде балдай батып, судай сiңiп, өсiп, өн!» деген жүректен шыққан ақ тiлегiн арнағаны есiмде. Сол батаны перiштелер «әумин» деген екен. Расында да Дулат бабаның киелi шаңырағына келiн болған Айман Ержанқызы бүгiнде бес бүлдiршiннiң анасы. Ал, жолдасы Елдар азаматқа тән қасиеттердi бойына жинаған азамат, аяулы әке, шаңырағының иесi ретiнде бар жауапкершiлiктi терең сезiнген азамат екенiн дәлелдедi. Ардақты әкесi Жұмағали немере сүйдi. Бiрақ өмiрден ерте өттi. Оған не шара! Ал анасы Халия көп жыл Самсы ауылындағы мектепте кiтапханашы болды. Кiтап – жан азығы ғой. Бүгiнде ол құрметтi еңбек демалысында. Ұлдарының бақытын, келiндерiнiң iлтипатын, сыйын көрген бақытты ана, әже.

Қылшылдаған қырыққа келген Елдар қандай жұмыстан да тартынбайды. Он саусағы ойнаған сәулетшi. Қазiргi кезде оның еңбегiне мұқтаждық өскен кез. Тұрғын үйдi жаңартудың барлық әдiс-тәсiлiн меңгерген. Әсiресе, қазiргi тұрмысқа «евроремонт» деген ұғым берiк ендi. Және мұны тұрмысқа аса зәру сала десе де болады. Сондықтан шығар тұтынушылар «Елдар аса еңбекқор, ұқыпты, талғамы жоғары, өз iсiне тиянақты азамат» деген баға берiп, жиi тапсырыс бередi.



Отбасының өмiрге лайықты, бақытты болуы үшiн Қорқыт баба айтқан мына бiр ұғым қажет-ау деп ойлаймын.

– Инабатты болса – әйел көрiктi. Ақ сақалы жарасса – шал көрiктi, Сүйiктi болса – ағайын

көрiктi, Үлкен шаңырақтың жанында отау көрiктi, Жiбек шатырдың жiбi көрiктi, Өнегелi болса - бала көрiктi, деген екен данышпан. Иә, Айман жоғары бiлiмдi заң саласының маманы, қоғамның дамуын, елдiң ертеңiне қызмет етудiң жауапкершiлiгiн сезiнедi. Содан болар ұл-қызын бiлiмдi, бәсекеге қабiлеттi болуына жас кезiнен баулып келедi. Спорт, өнер түрлерiне бейiмдеп, жан-жақтылығына мән берiп жүр. Бүлдiршiндердiң жеткен жетiстiктерi де жеткiлiктi. Балаларының әр күндi бос өткiзбеуiне күш салады.

Жаңа оқу жылында егiз қыздары – Еркемай мен Көркемай Жұмағали бiрiншi сыныптың табалдырығын аттайды. Әлiппенi оқып, би үйiрмесiнде мың бұрала билеп, өнерлерiмен ерекшеленiп жүр.

Ынтымағы жарасқан шаңырақтағы қуанышты ағайын-туған атап өтiп, iзгi тiлектерiн арнайтыны заңдылық. Бала бақыты – әке мен ана үшiн ең биiк арман-мақсат, деп бекер айтылмаған.

Елдар азаматтың адал еңбегiнiң арқасында отбасы бүгiнгi алмағайып кезде тұрмыста таршылық көрмесе, Айман барды ұқсатып, ұл-қыздарын халқымыздың салт-дәстүрiне сай адамгершiлiктiң «әлiппесiн» үйретiп, баулудан жалықпайды. Өмiрде адамға бұдан асқан қандай қуаныш, бақыт бар.

– Отағасы абыройдың теңiзi, Тек еңбекке бағытталды негiзi. Көрiнедi қарап тұрсаң адамдар, Тәрiздi ол адал еңбек егiзi, – деп Елдарға баға берсек, артық айтпағаным болар. Әрдайым осы шаңырақта бақыт құсы ұя салсын деймiн.

Дарина АЛИБЕКОВА,
Ұзынағаш ауылы.

Абай мерейтойындағы мерейлi жеңiс

Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай Талғар қаласында «Белсендi Ұзақ Өмiр» орталықтары арасында ұлттық ойын – тоғызқұмалақтан жарыс өткiзiлдi. Облыс көлемiнде өткен жарыс тартысты әрi жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жарысқа өнiрдiң барлық ауданынан келген үздiк нұсқаушылар мен қызметалушылар қатысып, үш кезең бойынша бақ сынады: таныстыру, тоғызқұмалақ ойыны және сұрақ-жауап. Әр кезеңде қатысушылар тапқырлық пен есептеу қабiлеттерiн, стратегиялық ойлау мен тәзiмдiлiктерiн көрсеттi. Әсiресе ақтық сын барысында ойыншылардың әрбiр жүрiсi көрермендердiң қызығушылығын арттырып, үлкен әсер қалдырды.

Осы додада ерекше дайындықпен Жамбыл ауданы «Белсендi Ұзақ Өмiр» орталығы барлық кезеңде тұрақты нәтижеге қол жеткiзiп, қарсыластарын айқын басымдықпен ұтып, I-орынға ие болды. Бұл жеңiс – орталықтың бiрлiгiнiң, ынтымағының және ұлттық құндылықтарды дәрiптеуге деген шынайы ықыласының айғағы.

Орталық жарысқа тыңғылықты дайындалып, өзара тәжiрибе алмасып, күнделiктi жаттығулар жүргiзген. Команда мүшелерi ұлттық ойынның қыр-сырын жете меңгергендерiн дәлелдедi. «Белсендi Ұзақ Өмiр» орталығының бұл жетiстiгi – салауатты өмiр салтын ұстану, ұлттық мәдениеттi насихаттау және 50-100 жас аралығындағы егде кiсiлер арасында рухани байланысты нығайту жолындағы еңбектiң жемiсi. «Белсендi Ұзақ Өмiр» орталығы бұл жетiстiктi ұлттық мәдениеттi насихаттауға және салауатты өмiр салтын дәрiптеуге қосқан үлесi деп бiледi. Ұлттық ойынымызды дәрiптеп, жастар мен үлкендер арасында кеңiнен тарату – алдағы басты мақсаттардың бiрi.

Жеңiмпаздарды шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да спорт пен мәдениет саласында жаңа табыстарға жете берулерiне тiлектесpiз.

Әйгерiм БЕКТIБАЕВА,
Жамбыл аудандық БҰӨ орталығының әлеуметтiк iстер жөнiндегi маманы.



КӨШЕ АТАУЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығының 14-1 бабының 1 тармағына сәйкес 2025 жылғы тамыз айының 18 күні сағат 10:00-де Жамбыл ауданы, Самсы ауылдық округінің әкімшілігінде Самсы ауылындағы «Жетісу» көшесін, Ұлы Отан соғысы ардагері Қартаңбаев Мұсаханнның атына өзгерту туралы мәселе қаралатындығы хабарланады.

Самсы ауылдық округінің әкімшілігі.

НАСЛЕДСТВО

Открылась наследственная масса после смерти Мукашева Ерлана Анаркуловича, 8 сентября 1973 года рождения, умершего 18 апреля 1998 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Узынағаш, ул.Саурык батыра 183 «А», до 29 августа 2025 года.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Сұңқар Алматы құс фабрикасы» ЖШС Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Шолаққарғалы ауылдық округі Қасымбек ауылының шығысында орналасқан «Сұңқар Алматы құс фабрикасы» ЖШС қоқыс қоймасы нысаны бойынша «Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері» жобасы бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Нысанның географиялық координаттары: 43.263950, 76.479775.

Жобаға бастамашысы: «Сұңқар Алматы құс фабрикасы» ЖШС (БСН 120240024355, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Нұрмаков көшесі, 56 үй, 6 пәтер, тел+7 701 300 3033).

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші: «Фирма «Пориком» ЖШС (Алматы қ., 1 ы/а, 66 «Б» үй, т.е.б 3а, 5 кеңсе, тел. +7 702 198 59 45).

Жоба бойынша құжаттама «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесіндегі сілтеме бойынша: <https://ndbecology.gov.kz>, сонымен қатар Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында сілтеме бойынша: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> орналасқан. Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтында, ЖАО priroda_alm@bk.ru электрондық поштасы бойынша қабылданады.

Тыңдау 2025 жылғы 25 қыркүйекте сағат 11:30-да Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Шолаққарғалы ауылдық округі, Қасымбек ауылы, «Сұңқар Алматы құс фабрикасы» ЖШС құс фабрикасының аумағында өтеді.

ZOOM платформасындағы видеоконференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/89234136541?pwd=bnVDe1QMuTS5CMFjdEQaXDIbISUQZt.1>

Конференция идентификаторы: 892 3413 6541, кіру коды: 123456.

ОБЩЕСТВЕННОЕ СЛУШАНИЕ

ТОО «Алматинская птицефабрика Сункар» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту «Нормативов допустимых выбросов» по объекту: Пометохранилище ТОО «Алматинская птицефабрика Сункар», расположенное в Шолаққарғалинском сельском округе, Алматинской области, Жамбылского района, восточнее с.Касымбек.

Географические координаты объекта: 43.263950, 76.479775.

Инициатор деятельности: ТОО «Алматинская птицефабрика Сункар» (БИН 120240024355, г.Алматы, Алмалинский район, ул.Нурмакова, д.56, кв.6, тел. +7 701 300 3033).

Разработчик проектной документации: ТОО «Фирма «Пориком» (г.Алматы, мкр.1, дом 66 «Б», н.п.3а, офис 5, тел. +7 702 198 59 45).

Документация по проекту размещена на информационной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» по ссылке: <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>. Замечания и предложения принимаются на сайте ndbecology.gov.kz, а также по эл. почте МИО priroda_alm@bk.ru.

Слушания состоятся 25 сентября 2025 года в 11:30 ч. по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Шолаққарғалинский сельский округ, с.Касымбек, на территории птицефабрики ТОО «Алматинская птицефабрика Сункар».

Ссылка на видеоконференцию по платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/89234136541?pwd=bnVDe1QMuTS5CMFjdEQaXDIbISUQZt.1>

Идентификатор конференции: 892 3413 6541

Код доступа: 123456.

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Директор
Айнабекова М.Б.

Бас редактор
Әйгерім ӘБҰ

Дизайнерлер
Мадина Тоқтасынова
Айнұр Қойкелова

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@bk.ru

- Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 32 (1773)
- Индексі – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.
- Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
- Суреттердің сапасына редакция жауапты.
- Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

- Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.
- Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.
- Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
- Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».

21 тамыз күні 70 жасқа толатын, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, ҚР-ның білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин медалінің, «Ардақты ұстаз» төсбелгісінің иегері, Күміс Пармашқызы атындағы халық ансамблінің белді мүшесі, өнерлі биші, ардақты ана, қадірлі әже – **Сәуле РАХЫМБЕРЛІҚЫЗЫН** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сәуле Рахымберліқызы – 1972 жылы Алматы облысы, Қаскелең қаласындағы Абай атындағы орта мектепті тамандаған. 1977 жылы Алматы шет тілдер педагогикалық институтын үздік дипломмен бітірген. Мектеп жасынан би өнеріне жақын болып, бұл өнерді институт қабырғасында да жалғастырып, көптеген байқауларда жүлделі орындарға ие болған.

Жамбыл ауданында 40 жылға жуық ұстаздық етіп, 5 бала тәрбиелеп-өсірген ұлағатты ұстаз. Бүгінде ол ансамбліміздің абыройын асқақтатып, облыстық байқауларда жеңіс тұғырынан көрініп жүрген өнерлі әжемiз. Бiз Сәуленi әрдайым мақтан тұтамыз! Осы қуанышты күнi аяулы әрптесiмiзге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық пен шат-шадыман көңiл-күй тiлеймiз!

Ұстаздықпен киелi өнердi жалғастырған,
Бишi болып танылды алғаш шыннан.
Жетпiс жасыңыз жалғасын жүзге барып,
Ән жырменен бiз бармыз

қолдап тұрған.

Құттықтаушылар: «Ақ әжелер»
ансамблінің мүшелері.

Біз алуан түрліміз – бірақ біз теңбіз



Жамбыл ауданы, Теміржол ауылдық округінде «Біз алуан түрліміз – бірақ біз теңбіз» тақырыбында мазмұнды топтық жұмыс ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – қоғамдағы мәдени алуантүрлілікті құрметтеу, этностар арасындағы достық пен бірлікті нығайту, сондай-ақ теңдік құндылығын дәріптеу болды.

Жиынға ауыл тұрғындары, жастар, қоғамдық ұйым өкілдері және түрлі этнос өкілдері қатысты. Іс-шара барысында қатысушылар бір-бірімен еркін пікір алмасып, өздерінің мәдениеті мен дәстүрлері туралы әңгімеледі. Өртүрлі ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен мерекелері жайлы қызықты деректер айтылды.

Топтық жұмыс аясында арнайы тапсырмалар беріліп, қатысушылар ынтымақтастық пен өзара құрметті арттыруға бағытталған ойындар мен жаттығуларды орындады. Бұл тапсырмалар олардың бір-бірін жақсырақ тануына, ортақ құндылықтарды сезінуіне мүмкіндік берді.

Жиын соңында «Біз алуан түрліміз – бірақ біз теңбіз» ұраны жаңғырып, барлық қатысушы теңдік пен достықты қолдайтындарын айқын білдірді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтып қана қоймай, жас ұрпаққа толеранттылық пен өзара сыйластықтың маңызын түсіндіреді.

Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімі.